1926 жылғы қаңтарда қазақтың тұңғыш мемлекеттік драма театрының ресми түрде ашылуы ұлт мәдениеті қайраткерлері алдына сол үлкен өнердің келешегі үшін зор міндеттер жүктеді. Мұның жай-жапсарын М. Әуезов өзінің сол жылы баспасөз бетінде жарық көрген «Жалпы театр өнері және қазақ театры» деген мақаласында барынша жан-жақты талдап көрсетті. «Ол бұл мақаласында мәдениетті елдер театры жөнінде, олар ұстанған жолдар, дәстүрлер жайлы, актер өнері туралы көп-көп мағлұматтар берген, – деп атап өтті Қ.Қуандықов. – Және қазақ ұлттық театры қандай болу керек, ол неден құралады деген сұрауларға өз пікірін білдіреді» [3, 4 б.]. Мақалада автор қайсы бір елде де театр өнері ұрығының әуелі сондағы жұрт арасында кең тараған алуан түрлі әдеп-ғұрыпта, ойын-сауықта, салт-санада, ән-күй мен өлең-жырларда бой көрсеткенін айта келіп, театр өнерін туғызатын «жайлы топырақ, қолайлы шарттың» сол елдің өз денесінен өрбіп шыққаны хақында әңгімелейді. Ешқашан өнер атаулыны құр тілек пен құрғақ бұйрық туғыза алмайтынын алға тартқан жазушы біздің жерімізде де бүгінгі театрға ұқсас салт-дәстүрлердің өте ерте кезден болғанын айтады. «Рас, ол замандағы өнер бүгінше театр деп аталған жоқ. Бүгінгідей мәдениет шеңберіне кірген жоқ, – дейді М. Әуезов. – Бірақ бақытты ел театр деген шеңберді керек қылмайды. «Оның барлық ойын-жиын, қызық-сауығының өзі театр» деген сөзді біреудің айтқаны бар. Сол сөз қазақ елінің ерте күніне әбден үйлеседі. Шынында, ерте күнде ас пен тойда, ұлы жиында ізденіп келіп өлеңмен, әнмен айтысатын көп ақындар өз заманында театр жасамай, не жасады? Солар жасаған сауық елдің құр қуанып, құр көңілін көтергенінен басқа кәрі-жастың сай-сүйегін босатып, аруағын шақыртып, барынша қыздырып, желіктірген жоқ па еді?» [1, 37 б.]. Өз ойын осылай жеткізген зерттеуші қазақтың ежелден бар «Жар-жары» мен «Беташарын» ешбір өзгерту енгізбестен, қазіргі заман сахнасына қоса беруге болатынын сөз етеді. Халықпен есте жоқ ескі замандардан бері бірге жасасып келе жатқан ақындар айтысында да драмалық элементтер жеткілікті. Оны да дәл осы қалпында сахналық қойылым ретінде ұсынуға болар еді. Бір назар аударатыны, бұлар бүгінгі күнге дейін өз қалпын сақтап жеткен. Тағы бір ерекшелігі, үшеуінің де мәтіндері әнмен айтылады. Бұған



қарап, оларды тек драма театры ғана емес, сонымен қатар опера театры репертуарына да батыл енгізуге болатынын айта аламыз.

Өзінің осы атақты мақаласында М. Әуезов дүние жүзінің классикалық туындылары әлемге танылған Еуропа театрларының озық үлгілерінен үйрену мәселесі туралы бірқатар қадау-қадау ойлар көтереді. Ол сонымен бірге өнер ең басты тамырды қалайда өз топырағынан тартуы керек екенін де ескертіп өтеді. Оның жайын зерттеуші ғалымдар Л.Әуезова мен К. Сыдықов былайша талдайды: «Расында, ойланып көрсек: «Бетховеннің сонаталарына қазақ «Саймақтың сары өзенін» сатар ма еді? Рафаэльдің Мадоннасы, Репиннің суреттері қазақ топырағына келсе, өз жеріндей ұғылып, өз еліндей көрген жұртты еліктірер ме еді? Не болмаса, Шекспирдің Гамлетіне, Гётедің Фаустына қазақ өз елінде болған, заман шерін айтқан Асан Қайғыны, толғау айтқан Бұхар жырауды айырбастар ма екен? Рас, бір заманда осының бәрін қазақ та өзгелердей ұғатын болар. Бірақ елді сол заманға жеткізетін, сол санға шейін жетектеп апаратын өз өнері болады», деп автор өнердің белгілі бір топырағында туып қана жетілетінін атап көрсетеді» [4, 380-381 б.]. Авторлардың тұжырымынша, бұл жерде М. Әуезов әлем әдебиеті мен өнерінің алдыңғы қатарлы үлгілерінен бас тартып, оны қабылдауға қарсылық білдіріп отырған жоқ, керісінше олардың озық нұсқаларына үңілуді, бірақ «оларды сол дайын күйінде ала салмай», керек кезінде халқымыздың ауыз әдебиетіндегі ғасырлар бойы жиып-терген інжу-маржандарымен араластыра отырып пайдалануды ұсынады.

Қазақтың тұрмыс-салт өлеңдері драмалық элементтерге толы. Мұндай жырлар әдетте халықтың тұрмыс сипаты мен кәсіпшілігі жөніндегі деректер негізінде өріледі. Олар сондай-ақ елдің эстетикалық деңгейі мен талғамынан да хабар береді. Мәселен, «Жар-жарда» төкпе жырдың төгіліп түсіп, түйдек-түйдек айтылатын сөздерінде драмалық ахуалды танытатын белгілер аз емес. Мұнда соңы түрлі трагедиялық оқиғаларды да тудырады. Тағы бірде тойлар мен астар үстінде кенеттен басталып кететін суырып салма өлең жарысы кәдімгі айтысқа ұқсайды. Қазақ сөз өнерінің шарықтау шыңы, биік белесі болып саналатын айтыста шаршы топтың алдына шыққан екі ақын бірін-бірі кестелі сөзбен кескестеп, тура сөзбен тұқыртып, талассыз жеңу үшін аянбай шайқасып, барын салады. Ақындардың қайым немесе сүре айтыстары кезінде де драматизмнің алуан түрі көрініс береді. Осы бағам тұрғысынан қарағанда, XX ғасырдың басындағы революция қарсаңында Біржан мен Сара айтысы желісінің ойын-сауықтар қойылымдарындағы басты репертуарға айналуы тектен-тек емес. Себебі, бұл айтыстың өн бойы мен құрылымы дайын тұрған спектакль. Сондықтан Ш. Хұсайынов пен Ы. Дүйсенбаев бірлесіп

жазған мақалаларында: «Революциядан кейін де Біржан мен Сара айтысы көпшілік драма үйірмелерінің сүйікті репертуарының бірі болды» [5, 21 б.], – деп ашығын айтты. Мұның екінші қырын Б. Құндақбаев: «Сахнаға қоятын пьеса болмағандықтан, ойынды жасаушылар әйгілі «Біржан – Сара» айтысын өздерінше драматургиялық шығармаға бейімдеген. Бұл – сахналық өнердің сол уақыттағы мүмкіншілігін толық пайдаланып, жинақы да қызғылықты көркем қойылған ойын» [6, 33 б.], – деп сипаттады. «Айқап» журналының сол сауық кеші туралы жазған «Қазақша бастапқы ойын» деген мақаласына сүйенген автор жастардың өз ойындарын сахна талабына сай етіп қоя білгендерін әңгімелейді. Ол театр өнерінің қазақ жерінде қадамын енді ғана апыл-тапыл басып келе жатқанына қарамастан, айтыс инсценировкасының көкейге қонымды, орындалуы жақсы, безендірілуі әдемі болып шыққанын қуана хабарлайды.

«Драматургиядағы халық поэзиясы мен салт жырлары және эпостан кірген драмалық элементтер ұлт театрына да ғажап негіз болды, – деп жазды Ә. Тәжібаев. – Билер мен ақындар айтысы, «Жар-жар», «Бет ашар», «Қоштасу» сияқты салт жырлары барлық қызығымен, ойын-сауығымен сахнаға шыға келгенде, қазақ жұртшылығы көптен күткен олар жаңалығымен қуанып табысқандай сезінді. Бұл сияқты бай бояуларымен, әсем үндерімен, жалт-жұлт ойнаған қызықты мінездерімен сахнаға шыққан драмалық, әйтпесе, трагедиялық оқиғалардың тартымдылығында шек болған жоқ. Осындай бай материалдардан тамаша пьесалар жазған жазушылармен бірге, қазақ сауыққойларынан дайын тұрған артистердің шыға келуі де ғажап жаңалық, тек советтік заманға лайық жарастық болды. Қазақ даласының әр түрлі аймағында өз өнерлерімен елді күлдіріп, қуаныш, ән мен күй беріп жүрген, халықтың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан жыраулық, әншілік, күлдіргіштік дәстүрін иемденіп жүрген даңқты жүйріктерге де революция еркіндігі есігін кең ашты» [2, 11 б.].

Халқымыздың ескі салт ойындарында айтылатын өлеңдер мен әндер мәтіндерінде де драмалық элементтердің көп екенін М. Әуезов жоғарыдағы мақаласында дәлелдеді. Ол «ел театры қалың елдің өмірімен шын жанасамын десе, ескінің суретін толық пішінді қылып құрауға міндетті екені даусыз» екенін алға тарта отырып, «Өлең мен әнді қатар тірілтіп, театр жасауға айналсақ, «Қозы Көрпеш – Баян» сияқты ел поэмалары, «Бекет батыр» сияқты тарихи өлеңдер, барлығы да театрдың ішіне оп-оңай сыйып кетеді, – деген ойды тарқатты. – Міне, қазақ ескілігінің бүгінгі жас театрға тартатын сый-сияпаты осы. Егер біздің театр осы сияқты мол қордың ішінен тесік моншақ сияқты асыл бұйым, асыл ұрықты таңдап, танып алуға жараса, осы сияқты анайы топырақтың үстіне іргесін орнатып дүкен құрса, ол өнер әрі елдің өнері болып, әрі

келешегін кең өріске беттеткен өнер болады. Егер соларды пайдалана алмай, ескерусіз тастап аттап кетсек, ол біздің мәдениет жолындағы балалығымызды, шикілігімізді білдіреді» [1, 39 б.]. Демек, реті келіп жатса, енді кешегі мен бүгінгінің арасын жалғастырып, өмірге лайықты театр жасауға күш салу керек. Бұлай болуы үшін елдің іргесінен бой көтеріп, бұрыннан бар салт-дәстүріміз бен қазіргі заманғы ерекшелік белгілеріміздің кішкене бөлшегін көрсете алатын театр құруымыз керек. Сонда ғана «бізде өмірге жанасатын театр болады» деп есептей аламыз. Осылай мәселеге жақсы қаныққан жазушы кез келген театрдың өзіндік бағыт-бағдары болуы керек екеніне ден қояды. Ал «бағыты мен мақсаты жоқ театрды» ешкім де түсінбейді.

Ә. Тәжібаев пен Ф. Оразаевтың ойларынша, драмалық элементтер қара қылды қақ жарып, әділдік үшін билік шығару үшін қойылған қазақ билерінің дәстүрлі сөз жарыстарында да аз емес. Театр өнері тұрғысынан келгенде, ондағы шым-шытырық күрделі драматизм бәрінен айқынырақ көрінеді [2, 29 б.]. Мұны да жоғарыда айтылған «Жар-жар», «Бет ашар», «Ақындар айтысы» сияқты сюжеті мен композициясы бар, мазмұны мен пішіні жағынан дайын тұрған спектакльге санауға болады. Ал әдеби жанр ретінде қарастырсақ, билер сайысын таза пьеса деп есептей аламыз. Онда шапқан сайын өрлейтін от ауызды, орақ тілді шешендер алдарына жүгініп келген адам тағдырын шешуге бел шешіп, білек сыбанып кіріседі. Бұл сөз таластарында дау бастап, дамайға түскен тұлғалар төңірегінде тәжікелі текетірес жүреді. Оларға қатысты дау-шарлардың барысы мен қорытындыда шығарылатын шешім билер таласын қыздыратын ең ірі драмалық оқиға болмақ. Билердің ырғасуындағы басты кейіпкерлер – екі би. Олардың кезектесіп толғап сөйлейтін диалогтары талай тартыстың мазмұны мен пішінінен хабар беріп, идеясы мен сюжетін танытады. Кейде мұның соңы монологқа жалғасып кетіп, оқиғаның трагедиялық сипат алуына апарып соқтырады. Мұның ең бір озық үлгісін біз Еспембет, Кеңгірбай, Көбей сынды билер тіл безеп, шешендік жарысына түсіп кететін сахналардан да көреміз:

«Еспембет (*ызғарланып*). Уай, тобықтының баласы, матай-тобық болып тұрған күнінде атыстың, шабыстың араздыққа сылтау таба алмай, түймедейді түйедей қылып, бұл ісің алты алашқа әйгілі болған. Тобықты, шаялығыңды қылдың ба, білегі жуандығыңды қылдың ба? Алалы жылқы, ақтылы қойын жосылтып алдың. Ата қонысынан іргесін аудардың. Ел-жұртты шұбырттың. Айрандай аптап, күбідей пісіп жүргеніңде ай дер әже, қой дер қожа болған жоқ. Енді, міне, шарпуыңды матайдан асырып, найманға тигізіп отырсың. Жетіп отырған жесірімді бір тентегің ат сауырына салып әкетіп отыр. Ағайын, ұзында өшті, қысқада кекті емессің. Бітім

сұрап, кісі салсам, бақайыңнан келтірмейсің. Мына найманға алынбай жүрген кегің, тимей жүрген есең болса, соны айт. Әйтпесе, мен тобықтының қоңсысы емеспін, мынауыңа кесігіңді айт (*Көбей қамшы тастайды*).

Жомарт. Сөйле, Көбей.

Көбей. Еспембет, сөзің шын. Ұзында өшті, қысқада кекті ағайын емеспіз. Найманның елдігіне істеп отырған жаулығым болса, аруақ, құдайға тобықты шет болатыны шын. Матай мен тобықтының бүлігіне бұл елдің қайсысы себеп болды? Мен оны қазбаймын; даудың қарасын көбейтем деп құлындағы сақау, құнандағы тісеуді осы сөздің үстіне әкеліп үйгенің лайықсыз. Матай қой аузынан шөп алмайтын момын ел болып отырғанда бұл сөзің сияды. Тентектік ылғи тобықтыдан шығады дерсің. Бірақ сол матай мен қалған найман неге жауласады? Бүгінгі найманмен шиеленістіріп отырған сылтауды алсам, ол ел таразысын аңдамаған албырт жастардың шалалығы. Рас, тентек болса, тобықтының тентегі иесіз демеймін. Ағайын жолымен бітісейік, билікті маған бергенің шын болса, мен айтайын. Жалғыз-ақ түбір сөзді түйінді сөз қылғанымыздың лайығы жоқ.

Жомарт. Сөйле, Еспембет.

Еспембет. Көбей, мен билікті саған айтқызсам, өз ойымдағымнан асырып түсіреді деп айтқызам. Егер есіл-дертің менің жасытпақ болсаң, жайдақтап жадағайлатпақ болсаң, мен билікті айтқызбаймын. (*Қатты*). Мен тұщы етіме ащы таяқ тиді деп отырмын. Шолақ байталдың құйрығындай тобықты, өктемдігің асты деймін. Тасқын судай кемеріңнен асып отырсың сен. (*Көбейге сөз беріледі*).

Көбей. Еспембет, кеден кеден болды, кедергі неден болды деп отырсың, мен саған бұл дауың орайсыз деп отырғаным жоқ. Екі елдің сөзін екеуіміз ұстап кездескен соң дәнекер болатын жағын қарастырайық дейім. Болмаса қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса сақа қой. Жақпаса, билігіңді өзің айт. Сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын болсаң, мен билік айтпаймын. Тағы айтарым – тобықтының азды-көптігін сарапқа салар жер емес бұл. Көп болғанда кімнің басы кімнің қанжығасында жүр еді? Тобықтының найманға істеген өрлік өктемін көргенім жоқ. Керіс неге керек? (*Тым-тырыс*).

Еспембет. Олай болса, сенің қырмызыдай талдап шығарған сөзіңе мен ере алмадым, менің билігіме тобықты баласы тоқтайтын болсаң, өз тентегің – ана Кебек, қыз – атамның аруағына қастық қылған менің тентегім, екеуін шығарып бер былай! Мойнына арқан таққызып, өз қолымнан өлтіртемін. (*Тым-тырыс*). Қазір етем осыны. Әпкел, ұстат қолыма!» [7, 34-35 б.]. Жазушы-драматург билер арасындағы сөз сайысының барысын осылай дәлме-дәл

дерлік етіп, өзінің пьесасына кіргізіп, осы айтыстың сол тұрған қалпында драмалық шығармаға өзек бола алатынын көрсетті.

Қазақтың ерте замандардан келе жатқан бақсылық өнері де драмаға қатысты белгілерден кенде емес. Бақсылық бізде бұрыннан дінге, діни салттарға, осының негізінде алдаушылық пен көзбояушылыққа байланысты әрекет секілді көрінгенімен, оның ойындық сипаты да барлығын ешкім жоққа шығара алмаса керек. Шын мәнінде бақсылық өнерде жарқылдаған жырдың, күніренген музыка мен әртүрлі қозғалыстың жанды қимыл-әрекеттері көрініс береді. Қарапайым халық бақсының ерекше құдіреті барына сеніп, оған емделу үшін келгенімен, сол кездегі әрекеттерін де тамашалауға құштар болған. Бақсы ойынына көп адам негізінен сырқаттарына ем, шипа, дауа іздеп келсе, дендері сау кісілер қызық, тамаша көру үшін бейне бір театрға барғандай жиналатын болған. Ойында қобыз сарынымен «жын шақыратын» бақсының нағыз жеке бенефисі орын алады. Ә. Тәжібаев пен Ф. Оразаевтың айтуларына, «Бақсы өзін қоршаған халықты күй, күйшілік қуатымен баурауға тырысады, сондықтан ол барлық үнімен жыр ырғақтарын жігерлі пайдаланады, әдемі даусына сыншылдық қосады, жалаңаш бұлшық еттеріне ойнақылық береді... Ол жындарды атау үстінде тыңдаушы мен көрушіні арбауға, оны өзіне еліктіруге тырысады, оны толғандыруға тырысады. Қазақтың бақсыларымен қатар жұрттың көңілін көтеру үшін бақсы боп ойнайтын өнерлі жігіттері де болған. Ондайлардың ең шеберлері ел арасындағы қулардан шығып, көрермен халықты сан алуан қызықтарға батырған. Сараң байлардың ауруын «кешіріп», «жындарын» қаққан, дос-жарандардың сілелерін қатырған. Мұндай талант иелері өз туыстарында нағыз актерлік қызметтерді атқарған» [2, 30 б.]. Ал ойын барысында аузымен шоқ шайнап, от көсейтін қабілеті бақсының сиқыршылық, көзбояушылық қасиеті де бар екенін байқатады. Бұл ойынның маңызы мен мазмұнын бұрынғыдан да арттыра түседі.

Осындай шеберлердің төңірегінен алуан түрлі күлкілі көріністер мен күлдіргі әңгімелері өрбіп, артынша сол қалпында елден елге, ауыздан ауызға жетіп жатқан. «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деген сол. Қазақ әдетте «қу» деп ат қойып, айдар таққан масқарапаз жігіттері күлдіргі әңгімелерді елге таратуда өте көп еңбек сіңірді. Кейін олардың жаңадан құрылған қазақ театрының іргесі қаланып, қабырғасы көтерілуіне айтарлықтай үлес қосты. Жоғарыда аталған мақаласында М. Әуезов «қалың қазақтың қанын қыздыруға жарайтын қадірлі өнер болып кетуінде дау жоқ» театрдың «ел осы күнге шейін сағынып көксеп отыратын» өлеңмен ғана шектеліп қалмай, «ел ескілігінен күлдіргі қызық бұйымдарды алуы керек» екенін дәріптеп шығады.

«Қазақтың көп күлдіргі әңгімесі белгілі қулардың айналасына жиналады, – деп жазады ол. – Мәселен, Семей аймағындағы атақты күлдіргілер: «Шаншардың» қулары, онан соң тапқыштық, шешендікпен аты шыққан Жиренше, Алдар көсе бар. Бұлардың барлық өмірі толып жатқан комедия. Ел сауығына ақыл, өсиет сияқты ой-санаға дем беретін үлгіні кіргізу керек болса, ертеде заман шерін айтып сарнаған Асан қайғы, толғау айтқан Бұқар сияқты жырауларды тірілту керек. Тақпақ айтқан билерді, естірту, жоқтау өлеңдерін айтқан ақындарды, қобызбен сарын айтатын бақсыны, сыбызғымен күй шығарған күйшілерді тірілту керек. Осылардың барлығының жайында толып жатқан сұлу әңгімелер бар. Соларға болымсыз ғана мәдениет исін сіндірсе әрі ел өнері тіріліп, әрі театрдың іргесі құрылады. Онан соң бүгінгі күнде жаңа туғалы тұрған театр жалғыз ғана әдебиет ескілігін тірілтуді қанағат қылу керек емес, ескіліктің ән-күйін, қобыз, сыбызғысын да қайта ояту керек» [1, 38 б.]. «Қулар» жөніндегі осы әңгімені жалғастырған Ә. Тәжібаев пен Ф. Оразаев: «Арғы заманнан келе жатқан Алдар көсе, Жиреншелердің тапқырлықтары мен даналықтары, естен кетпестей, ескірместей әрекеттерін, айла-амалдарын естіп, біліп қана қойғанымыз жоқ, олардың дәстүрін тұтынушылардың өздерін де көрдік. Күні кеше ғана өмір сүрген Айдарбек, Торсықбайлар, олардың ізін ала шығып, ақыры біздің театр өнеріміздің классиктеріне айналған Қалыбек, Иса, Елубайлар сол Алдар көсе, Жиренше шешендердің мұрагерлері, солардың дәстүрлерін бүгінге жеткізушілер еді. Біз бұрыннан білетін, әр тұстарда естіп жүрген қазақтың қулары осы Сүлеймен, Елеңке, Жалабай, Шәрке сал, Мыңжасар, Ақымша, Орынбасар, Төлебай, Дайрабай, Боранбай, Дәулеткер, Ахмет, Бостан, Тонай сияқты қулардың да күлдіргі сөздері мен күлдіргі әрекеттері мол» [2, 30 б.]. Бұдан әрі бұл авторлар Айдарбек пен Торсықбайдың, Сүлеймен мен Жалабайдың бай мен молдаға, болыс пен төрелерге көрсеткен істері, елдің көз алдында масқараларын шығарғандары өзінше керемет хикая болып табылатындарын дәлелді сөзге айғақ етеді.

Қазақ театры өз дамуының алғашқы кезеңінде халық аузында жүрген, фольклор кейіпкерлері болып табылатын осындай тұлғалар жөніндегі күлдіргі әңгімелерді сахнаға шығаруға айтарлықтай күш салды. «Слово по-прежнему несло основную нагрузку в сценических представлениях, действие лишь сопровождало его, не имея самостоятельного функционального значения, – деп жазды танымал театранушы С. Қабдиева осы ретте. – Иногда разыгрывавшиеся сцены больше напоминали пластические иллюстрации к тексту. Органическая связь между словом и действием на сцене устанавливалась в течение долгих лет... На знаменитой Куяндинской ярмарке, например, под Семипалатинском, всегда царили атмосфера праздничного веселья,

бурная энергия народного творчества. Акынов сменяли рассказчики, ку, кюйши – исполнители кюев, силачи-балуаны, танцоры. Там выступали известная певица Майра Валиева, борец Хаджимукан Мунайтпасов, фокусники и акробаты Зарубай Кульсеитов, Жынды Омар. Иногда и в их представлениях принимали участие певец Амре Кашаубаев, поэт-импровизатор Иса Байзаков» [8, 28 б.]. Автордың айтуынша, қазақ театры кең бұқараға арналған өнер түрі ретінде пайда болып дамыған. Бұған ең алдымен халықтық ойын-сауықтың сабақтастығы әсер еткен. Қазақ аңыз-әңгімелерінің архитектурасы ауызша әңгімелеп айтып шығуға лайықтанып құрылған. Мұндай өнер көрсетулердің тұтастығы, сюжетті ұдайы дамытылып отыратыны, қаһармандар сөздеріндегі ірілік көрермен назарынан тыс қалған жоқ. Бұлар, түптеп келгенде, көпшіліктің орындаушылық шеберлікке қызығушылықтарын күшейтіп, актерлік өнердің қыр-сырын түсінуге деген бетбұрысты жолға салып берді.

#### Әдебиеттер

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 3 т. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – 424 б.
2. Қазақ театрының тарихы. 1 т. – Алматы: Ғылым, 1975. – 398 б.
3. Қуандықов Қ. Театрда туған ойлар. – Алматы: Жазушы, 1972. – 224 б.
4. Л. Әуезова, К. Сыдықов. Классикалық зерттеу. 5 т. Уақыт тынысы. – Алматы: Әлем әдебиеті, 2012. – 420 б.
5. Ш. Хұсайынов, Ы. Дүйсенбаев. Қазақ ауыз әдебиеті және халық ойындарындағы театр-драмалық элементтер // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары, 1950 ж., № 78.
6. Құндақбаев Б. Мұхтар Әуезов және театр. – Алматы: Ғылым, 1997. – 248 б.
7. Әуезов М. Шығармалар. Он екі томдық. 8 т. Пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1969. – 480 б.
8. Кабдиева С. Фольклорные традиции в казахском театре. – Алма-Ата: Өнер, 1986. – 112 с.

#### References

1. Auezov M. *Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq zhinagy*. 3 t. – Almaty: Dauir, Zhibek zholy, **2014**. – 424 b. (*In Kazakh*)
2. *Qazaq teatrynyn tarihy*. 1 t. Almaty: Gylym, **1975**. – 398 b. (*In Kazakh*)
3. Quandyqov Q. *Teatrdа tugan ojlar*. Almaty: Zhazushy, **1972**. – 224 b. (*In Kazakh*)
4. L. Auezova, K. Sydyqov. *Klassikalyq zertteu*. 5 t. *Uaqyt tynysy*. Almaty: Alem adebieti, **2012**. – 420 b. (*In Kazakh*)
5. Sh. Husajynov, Y. Dÿjsenbaev. *Qazaq auyz adebieti zhane halyq oiyndaryndagy teatr-dramalyq jelementter* // Qazaq SSR Gylym akademijasynyn habarlary, **1950** zh., № 78. (*In Kazakh*)
6. Qundaqbaev B. *Muhtar Auezov zhane teatr*. – Almaty: Gylym, **1997**. – 248 b. (*In Kazakh*)
7. *Auezov M. Shygarmalar. On eki tomdyq. 8 t. P'esalar*. – Almaty: Zhazushy, **1969**. – 480 b. (*In Kazakh*)
8. Kabdieva S. *Fol'klornye tradicii v kazahskom teatre*. – Alma-Ata: Oner, **1986**. – 112 s. (*In Russ.*)

FTAХP 18.45.01

З.У. Исламбаева<sup>1</sup><sup>1</sup>Қазақ ұлттық хореография академиясы  
(Астана, Қазақстан)**ҚАЙРАТ СҮГІРБЕКОВТИҢ ҚАЗАҚ  
РЕЖИССУРАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ РӨЛІ****Аннотация**

Мақала шығармалары қазақ театрының жаңа беттерін құрайтын, театр өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан жаңашыл режиссер Қайрат Сүгірбековтің шығармашылығын сөз етеді. Қ.Сүгірбеков сахналаған шығармаларға талдау жасалып, режиссер қолтаңбасына тән аллегоризм мен символизм, пластика мен метафора, философия мен психологизм, эксперименттік тәсілдер анықталады.

**Тірек сөздер:** Қайрат Сүгірбеков, жаңа қазақ театры, ұлттық режиссура.

Z.U. Islambaeva<sup>1</sup><sup>1</sup>Kazakh National Academy of Choreography  
(Astana, Kazakhstan)**KAYRAT SUGIRBEKOV'S IMPORTANT ROLE  
IN KAZAKH STAGE DIRECTION****Annotation**

The article is about the creativity of the novelist Kayrat Sugirbekov, who made new pages of the Kazakh theater and contributed greatly to the development of theatrical art. An analysis of the works performed by K. Sugirbekov revealed allegorism and symbolism, plastics and metaphors, philosophy and psychology, as well as experimental approaches typical to the director's signature.

**Keywords:** Kayrat Sugirbekov, new Kazakh theater, national directing.

З.У. Исламбаева<sup>1</sup><sup>1</sup>Казахская национальная академия хореографии  
(Астана, Казахстан)**ВАЖНАЯ РОЛЬ КАЙРАТА СУГИРБЕКОВА  
В КАЗАХСКОЙ РЕЖИССУРЕ****Аннотация**

В статье рассказывается о творчестве писателя Кайрата Сугирбекова, который создал новые страницы казахского театра и внес большой вклад в развитие театрального искусства. Анализ работ, выполненных К. Сугирбековым, выявил специфику его аллегоризма и символизма, пластику и метафору, философию и психологию, а также экспериментальные подходы, присущие режиссуре.

**Ключевые слова:** Кайрат Сугирбеков, новый казахский театр, национальная режиссура.



Бұдан бір ғасыр бұрын (1915 ж.) «Біржан – Сара» қойылымын ұйымдастырып, шығарманың рухани құндылығын сахна арқылы жеткізуді көздеген, қазақ топырағына «режиссура» ұғымын алып келген қайраткер Жүсіпбек Аймауытовтан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықта ұлттық сахна әрбір онжылдықтар сайын режиссерлік тың жаңалықтармен, тосын шешімдермен толығып келеді.

Х.Шәженов, А.Токпанов, Ш.Айманов, Ә.Мәмбетов, т.б. сол Ж.Аймауытов, Ж.Шанин, С.Қожамқұловтар бастаған ата буынның шығармашылық жолын жалғастырушылар ретінде тарихқа енді. Ал, Е.Оразымбетов, Ж.Хаджиев, Е.Тәпенов, Х.Әмір-Темір, Е.Обаев, т.б. кеңестік кезең мен ел тәуелсіздігін байланыстырушылар қатарынан орын алады. Т.Жаманқұлов, Ә.Рахимов, Ә.Оразбеков, Н.Жақыпбай, Т.Теменов, т.б. болса бүгінгі күннің қоғамдық-әлеуметтік, азаматтық-адамгершілік мәселелерін көркемдікпен суреттеп беріп отыр. Демек, театрдың ізденіс пен шығармашылық шабытқа толы кеңістігінде жаратылысы ерекше, өнерге өзгеше өлшеммен, талпыныс-қарқынымен, толқыныс-бұлқынысымен, тосын да қызықты шешімдерімен келген суреткерлер аз емес. Соның ішінде А.Токпановтың қолтаңбасы реализм мен философияны байланыстыруымен ерекшеленсе, Ә.Мәмбетовтің стилі этнографиялық, символдық бағытты ұстануымен өзгеше. Ал Н.Жақыпбай пластикаға бет бұруымен, Б.Атабаев тым оғаш, провокациялық бағытымен таныс.

Өткенді бүгінгі көзқараспен суреттеуге құштар болған Қайрат Сүгірбеков осындай ізденімпаз тұлғалардың қатарынан болатын. Ол – қысқа ғұмырында М.Әуезов атындағы драма театрының репертуарлық саясатына маңыздылық берген режиссер. Оның өмірі мен шығармашылығы елдің егемендігімен, 1990-2000 жылдардағы театрда орын алған рухани-мәдени құлдыраумен тұспа-тұс келді. Қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы онжылдығындағы қоғамдық формация негізінде театр тақырып таппай, бұған дейінгі белгілі бір идеологиямен жазып, қойып келген бағытынан күрт өзгеріске түскен болатын. Барлық облыстық ұжымдардың бас театрға иек артып отырғаны тағы бар. Сол сәтте Қ.Сүгірбеков жастық жалынымен Ж.Хаджиев, Т.Жаманқұлов, Н.Жақыпбай, Б.Атабаев, Ә.Рахимов, т.б. аға буынмен бірлесіп, қарқынды ізденіс үстінде болды, эксперименттер жасады. Жалпы ұжым Ә.Кекілбай, Ә.Тарази, М.Байсеркеұлы, А.Тасымбеков, М.Райымбекұлы тәрізді драматургтармен, ақындармен шығармашылық тандемде көптеген жұмыстар атқарды.

Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, С.Қожамқұлов, Н.Жантөрин, Б.Римова, С.Майқанова тәрізді күдіретті топтан аманат болып қалған ұлттық театр өнерін жоғалтып алмау, аумалы-төкпелі уақытта қайткенде театрға көрермен тарту принципінде жасалған

мұндай еңбек нәтижесіз болған жоқ. М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» («Ғашықтық дерті»), Ф.Кафканың «Құбылыс», Г.Ибсеннің «Қуыршақ үйі», Д.Амантайдың «Сәлеметсің бе, қоңыр мұң», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», т.б. көрерменнің эстетикалық талғамына сай көркемделген, күрделі дүниелер сахнаға шықты.

Оның бір «Махаббат дастанының» өзі көрермен қауым мен мәдени ортаның арасында айтарлықтай дау туғызған еді. Бұған себеп, он бес ғасыр бұрын өмір сүрген қаһармандардың кескінін мүлде бөлекше бедерлегендігі. Шымылдық ашылғанда көзге түскен жартылай жалаңаш немесе жыртық-жамау киімдегі, шаштары өрілген немесе мүлдем шашы жоқ Қарабай, Жантық, Қодар, Қозы, Баяндарды көргенде алғашында қабылдамағанымыз рас. Алайда бұл «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бірнеше нұсқасын оқып, қазақ тарихы мен фольклорын, әдебиетін, тіпті керек десеніз, (кейіпкерлердің жүріс-тұрысын, өскен жерін, әлеуметтік ортасын сауатты жеткізу мақсатында) жағрапиялық аймақтарды тереңнен қаза зерттеген режиссердің тапқырлығы болатын.

Жалпы Қ.Сүгірбековтің қолтаңбасына аллегоризм мен символизм, пластика мен метафора, философия мен психологизм, эксперименттік тәсілдер тән. Бұған театртанушы Меруерт Жақсылықованың: «Оның режиссурасы символдық-философиялық кеңістікке ұмтылып, жалпыадамзаттық құндылықтарды жырлауды көздейді. Қазақ классикасын интерпретациялауда жаңа көркемдік-эстетикалық режиссерлік концепция ұсынғандардың бірі де осы Қ.Сүгірбеков» [1, 150 б.], – деген сөзі дәлел. Әрине адами құндылықтарды көркемдеп жеткізу үшін жоғарыда аталған бағыттар мен тәсілдер өте қажет. Жаңалыққа құштар режиссер мұны түсіне білді.

Қ.Сүгірбековте адамтану, кейіпкертану, тіпті актертану қасиеті басым болды. Оның спектакльдерінде роль орындаған әрбір актер өз кейіпкерлерінің ішкі-сыртқы болмысына дәл келіп жататын. Мәселен, Қарабай – Ақыш Омар, Жантық – Дулыға Ақмолда, Сәрсен – Бақтияр Қожа, Шолпан – Қымбат Тілеуова, Күнікей – Шынар Асқарова, Бақыт Жанғалиева, т.с.с. Сонымен қатар ол актерлік ізденіске мол мүмкіндік туғызған бірден-бір режиссер. Онда кейбір «тек менің айтқаныммен жүр» дейтін диктатор режиссерлердің қатқыл мінезі мүлде жоқ. Бұл сөзімізге «Махаббат дастаны» спектаклінде Қодар ролін орындаған Кеңес Нұрлановтың үнемі қолына ұстап жүретін ағаштан жасалған қуыршағы дәлел. Бұл – актердің өз қиялынан туындаған, Қодардың Баянға деген шынайы ғашықтық сезімін білдіретін көркемдік деталь. Осылайша өзара келісімде жұмыс жасаған ансамбль жетістікке жетті де.

Осы күнге дейін көрерменнің есінде қалған «Ғашықтық дерті» қойылымында сұлу бойжеткен өзінің бас еркіндігіне ұмтылудан, атастырылған күйеуінен қашып, сүйгені Байманмен бақытты болу арманынан жазықты болады. Алайда феодалдық заңға қарсы шыққан өр мінезінен өзінің өскен ортасына жат болған ол қартайған шағында жалғыз қалады. Сүйгені Байман да бұдан теріс айналған. Осындай адам психологияның қатпарын барынша ашып көрсеткен, адами құндылықтарды дәріптеген шығарма шаңырақ, арқан, т.б. символдық белгілер арқылы келісті өрілді. Спектакльде Қ.Сүгірбеков Байман мен Күнікейдің тағдырын төрт актердің орындауында жеткізеді. Үсіпхан Сейтімбет пен Шынар Асқарова орындаған жас Байман мен бойжеткен Күнікейдің қартаң бейнесін Бекжан Тұрыс пен Бақыт Жанғалиева келістіре кескіндеген болатын. Режиссердің кейіпкерлер өміріндегі жылжыған уақыт ағысын ұзын арқан арқылы беруін ұтымды әдіс деп айта аламыз. Және екі орындаушы (Б.Тұрыс, Б.Жанғалиева) сахнаның екі жағында отырып, өздерінің өткен өміріне, қызығы мол жастық дәуреніне, әрқайсысының ішкі дүниесіндегі аласапыран ойлары мен түрлі сезімдерді бастан кешкен сәттеріне сырт көзбен қарап отыр. Мұнда сағыныш та, өкініш те, күйзеліс те бар.

Әрине сахнаның екі жағында отырып, өткенді бүгінгі көзқараспен саралау – қазақ режиссурасында бар әрі болған әдіс. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романының сахналық жүйесін жасаған Ш.Айманов оны ойнату барысында спектакльге автор ретінде сөйлейтін орындаушылар (Ш.Айманов, Х.Бөкеева) енгізіп, тосын көркемдік интерпретация қолданды. Мұндаға мақсат – шығармадағы көп желіден тұратын шытырман оқиға-көріністерді көрерменге түсінікті тілде жеткізу. Қ.Сүгірбеков те Ш.Аймановтың мұндай сахналық әдісін қайталаудан ұтылған жоқ. Керісінше, бас-аяғы жинақы дүние туындады.

Қ.Сүгірбеков өзінің спектакльдерінде әйел әлемін, психологиясын, оның тылсым да жұмбақ сырларын немесе қоғамдағы әлеуметтік орнын ашып көрсетуге маңыздылық берген. «Шолпанның күнәсі», «Ғашықтық дерті», «Қуыршақ үйі» спектакльдерінде режиссердің басты кейіпкерлерді ақтап алу принципі бірінші планға шықты.

«Шолпанның күнәсі» спектаклінің эпилогында айы-күні жеткен әйелдің толғату сәті беріледі. Қ.Сүгірбековтің спектакльді финалдан, яғни нәтижеден бастауында көп мән бар. Мұнда қазақ халқы үшін өте маңызды «ұрпақ жалғастығы» дейтін үлкен философия жатыр. Сүйгені Сәрсен екеуінің арасына кедергі келтіреді деген оймен сәбилі болмауды тілеген Шолпан бұл ойының өте қате екенін кеш біледі. Уақыт өте келе шарана аңсаған әйелдің ішкі дүниесінде оянған алапат аналық сезімі жеңіп,

Әзімбайдан бала көтереді. Сөйтіп, қатыгез, терең ойлана алмайтын Сәрсеннің топас, пасық ойының құрбаны болады. Бұл – бізге шығармадан таныс оқиға тізбектері. Қ.Сүгірбеков болса М.Жұмабаевтың адамның сан қатпарлы психологиясын, бір отбасындағы әйел мен еркектің түрлі мінезін, өмірге деген түрлі көзқарасын, моральдық күйреу себептерін, философиясын символдық детальдармен жеткізеді. Ақ-қара құрттар, су тамшысы мен күннің күркіреген дыбысы, қасқырдың ұлыған үні, құлаған шаңырақ, тербелген бос бесік, найзағайдың жарқылы, т.с.с. – барлығының да функциясы режиссердің идеясына сәйкес келген. Сол сияқты режиссер осы қойылымы арқылы адам мен Жаратушының арасында тылсым байланыстың барын меңзеген.

2000 жылдары бас театрдың репертуарынан орын алған осындай мағыналы қойылымдарды сахналауда Қ.Сүгірбеков көп ізденді. Оның қолтаңбасына тиесілі спектакльдер саны жағынан аз болғанымен мазмұны жағынан күрделі, сапасы жағынан жоғары деңгейде болды деп айта аламыз. Жалпы пешенесіне жазылған қысқа ғұмырында ұлттық руханиятқа айырықша қарқынмен қызмет еткен Қ.Сүгірбековтің шығармашылығы қазақ театры тарихының жаңа беттерін құрайды. Оның әрбір спектаклі, идеялары мен сахналық-көркемдік шешімдері ұлттық режиссура өнерінде дара тұр.

#### Әдебиеттер

1. Жақсылықова М. Қазақ кәсіби актерлік өнерінің даму ерекшеліктері. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 384.

#### References

1. Zhaqsylyqova M. *Qazaq kasibi akterlik onerinin damu erekshelikteri. Zertteuler, maqalalar.* – Almaty: «Qaratau KB» ZhShS, «Dastur», 2014. – 384. (In Kazakh)

## SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

FTAXP 14.35.01

Ұ.Б.Белгозиева<sup>1</sup>

*<sup>1</sup>Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан)*

### СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ХАЛЫҚ КОМПОЗИТОРЛАРЫНЫҢ МҰРАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

#### Аннотация

*Бұл мақалада жоғарғы сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие берудің маңызы, принциптері мен қағидалары қарастырылып, ғалымдар пікірі сараланды. Мектептегі жоғарғы сынып оқушыларына халық композиторларының әндері арқылы эстетикалық тәрбие берудің өлшемдері мен көрсеткіштері негізінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізіліп, оқушылардың білімдік және тәрбиелік деңгейлері анықталды.*

***Тірек сөздер:** музыка, эстетика, тәрбие, модель, мотивация, халық композиторлары.*

U.B.Belgozieva<sup>1</sup>

*<sup>1</sup>Kazakh State Women Pedagogical University  
(Almaty, Kazakhstan)*

### AESTHETIC EDUCATION OF STUDENTS OF SENIOR CLASSES AT EXTRACURRICULAR SUBJECTS WITH THE HELP OF CULTURAL HERITAGE OF NATIONAL COMPOSERS

#### Annotation

*In this article the essence and principles of aesthetic education of high school students are examined, the views of scientists are analyzed. On the basis of the criteria and indices of aesthetic education on the songs of folk composers, the pupils of the secondary school performed the experimental work and revealed the educational levels of students.*

***Keywords:** music, aesthetics, education, model, motivation, people, composers*

У.Б.Белгозиева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский государственный женский педагогический университет  
(Алматы, Казахстан)

## ЭСТЕТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ УЧЕНИКОВ СТАРШИХ КЛАССОВ В ХОДЕ ВНЕКЛАССНЫХ РАБОТ НА МАТЕРИАЛЕ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ НАРОДНЫХ КОМПОЗИТОРОВ

### Аннотация

*В этой статье рассматриваются сущность и принципы эстетического воспитания старшеклассников, анализируются взгляды ученых. На основе критериев и показателей эстетического воспитания по песням народных композиторов ученики средней школы выполнили экспериментальную работу, которая выявила образовательные и воспитательные уровни учащихся.*

**Ключевые слова:** музыка, эстетика, воспитание, модель, мотивация, народные композиторы.

Соңғы жылдардағы педагогикалық зерттеулерде тәрбиені әлеуметтік-мәдени тәжірибені үйрену мағынасында кеңінен түсіне білу керектігі айтылады. И.П.Подласыйдың пікірі бойынша, тәрбие жеке адамды бір мақсатқа қалыптастыру процесі. Бұл арнайы ұйымдастырылған, басқарылатын және бақыланатын, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің қоғамға пайдалы да қажетті жеке адамның қалыптасуына әкелетін өзара іс-әрекеттері [1].

Қазіргі кезде оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беру жан-жақты қарастырылып, сабақта, сабақтан тыс жұмыстарда, отбасында жүзеге асырылады. Оқушылардың негізгі іс-әрекеттері оқу болғандықтан, оларды эстетикалық жағынан тәрбиелеу мектеп жауапкершілігіне жатады да, соның негізінде мектептегі оқу пәндері мен сыныптан тыс жұмыстар арқылы эстетикалық тәрбие беру мақсаты жүзеге асырылады.

Модель, моделдеу ұғымдары бірнеше мәндік мағынаға ие. Педагогикалық зерттеудің әдістерін талдауға арналған бірнеше ғылыми зерттеу жұмыстарда моделдеу ғылыми-танымдық әдіс ретінде қарастырылған.

В.В. Краевский модельді «зерттеу пәнінің белгілі бір жақтарын, байланысы мен функцияларын құрастыратын элементтер жүйесі», – деп анықтайды. Әрбір процесті модельдеуде В.В.Краевский оның қозғалыс құрылымын қарастыруды ұсынады. Жүйені де оның белгілі-бір жағдайда іске асуын жан-жақты сипаттаудың жиынтығы деп түсіндірсе, үрдістің динамикалық жаратылысын жеке адамның қалыптасуындағы мәселелерді шешудің өзіндік функциялары мен ерекшеліктерін бір жағдайдан

екінші жағдайға, бір белестен екінші белеске, яғни екінші бөлікке өтуі ретінде қарастырады [2].

Педагогикалық сөздікте модель, моделдеу ұғымдарының мағынасы жан-жақты ашылып көрсетілген. Модель төмендегідей белгілерге сай болуы керек деп көрсетеді:

- автордың зерттеу объектісінің нақты көрсеткіші тұрғысынан айқындайтын теориялық жобалауы;

- педагогикалық үдеріс пен жүйені графикалық, схемалық, жазба түрінде жобалайтын, зерттейтін және түсініктеме беретін үлгілеу тұрғысынан қамтиды [1,43-44 бб.].“Үлгілеу – зерттеу үдерісіне (жүйесіне) құрылымдық тұрғыда нақты динамикалық сипаттама беру үшін үлгіні құру үдерісі” деп атап көрсетеді [1].

А.Құсайынов, М.Т.Есееваның еңбектерінде «Үлгі (модель) – өлшем, қалып; а) үлгіленетін нысанның кез келген ойша немесе белгілік бейнесі; ә) зерттелетін нысанның сипаттамасын көрсететін арнайы жасалатын не таңдалатын нысан» деп атап көрсетеді [3].

Педагогикада үлгі ұғымына С.А. Смирнов [4], Г.М.Коджаспирова [5], А. Кукушкин [6], А.Н. Дахин [7] т.б. жан-жақты талдау жасай келе, өз тұжырымдарын берген.

А.Н.Дахин модельді «болашақта зерттелетін нысанның (құбылыстың) элементтері арасындағы құрылымдарды, ерекшеліктерді, қарым-қатынастар мен байланыстарды сызба, конструкциялар, белгілік формалар немесе формулалар арқылы неғұрлым қарапайым, тереңдетілген түрде көрсететін жасанды құрастырылған үлгі», – деп сипаттайды [7].

Г.И.Саранцева модельге мынадай анықтама береді: «материалдың бір бөлігін ойша немесе практикалық түрде қысқартып, көрнекі түрде беру», «нақты немесе болжанған ерекшеліктер мен құрылымдар көрініс табатын зерттелетін нысанның нақты бейнесі» [8].

Эстетикалық тәрбиеде қол жеткен нәтижелерді салыстыратын өлшем көрсеткіші ретінде эстетикалық тәрбие өлшемі (оқушының эстетикалық талғамы, өнер мен мәдениетті менгеруге деген ынтасы, табиғатқа сүйіспеншілігі, т.б.) алынады. Зерттеу барысында алдымен әр оқушының және бүкіл сыныптың нақты эстетикалық тәрбие деңгейін анықталуы қажет. Жоғарғы сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері мен эстетикалық тәрбие беруінің өзіндік белгілеріне сай эстетикалық тәрбиеліліктің деңгейін сипаттайтын эстетикалық тәрбие берудің көрсеткіші арқылы анықталуға тиіс.

Көптеген авторлардың ғылыми еңбектерінде эстетикалық тәрбие беру деңгейін анықтау өлшемдері сараланған.

Мысалы, И.П.Подласыйдың анықтауы бойынша, эстетикалық тәрбиеліктің көрсеткіші ретінде эстетикалық мәдениет алынады. Эстетикалық мәдениет рухани мәдениеттің қосымша бөлігі ретінде тек қана өмірде ғана емес, мәдениетте де әдемілікті көріксізден, жағымды нәрсені жағымсыздан айыра білу болып табылады [1].

А.В.Елисееваның зерттеулерінде эстетикалық талғамның өлшемі ретінде төмендегідей белгілер алынған:

- сезімталды ықыластылық – адамның ішкі жан-дүниесін қанағаттандыратын эстетикалық сезімнің тереңдігі мен біртұтастығы;

- құндылықтарды бағдарлау жүйесі – алынған сан-алуан мәліметтер ағысын бағдарлай білу, нағыз рухани байлықтарды ажырату;

- өзін-өзі бағалаудың объективтілігі – өзінің адамгершілік-эстетикалық дамуына қатысты өзін-өзі сынға ала отырып, өзінің жеке басының қасиеттерін объективті бағалай білуі [9].

И.Ф.Гончаров оқушыларды эстетикалық тәрбие берудің нәтижесі ретінде адамның қоғамдағы мінез-құлқын, еңбек әрекеттерін, таным мен қарым-қатынас сапаларын айтады. Оның ойынша, осылар эстетикалық тәрбие берудің өзегі, оның маңызды өлшемі. Әсемдікті терең сезіну, эстетикалық құбылыстарды түсіне білу қабілеті, оларды саралай және бағалай білу, солардың негізінде ой қорытындысын жасай білуі мен эстетикалық құбылыстарға нәзік сезімталдық реакция, эстетикалық идеаларды жүзеге асыруға негізделетін өмірдің барлық саласындағы белсенді шығармашылық жұмыс – осының бәрі жеке адамның эстетикалық тәрбиесінің дәлелі [10].

О.В.Ковальчук эстетикалық тәрбиенің мынадай өлшемдерін атайды:

- эстетикалық ұғымдар мен түсініктердің қалыптасқандығы;
- эстетикалық сезімдердің дамығандығы;
- эстетикалық мүдделердің дамығандығы;
- оқушыға қолайлы эстетикалық шеберліктің қалыптасқандығы;

- эстетикалық іс-әрекеттерде жағымды мотивтер көрсету, кез-келген уақытта көмекке келу, қоршаған ортаға қатысты жақсылық ойлау, қайырымдылық жасау [11].



Жеке тұлғаның эстетикалық қасиеттерінің көрсеткіштері ретінде оның өмірдің әр түрлі қырларына қызығушылығын, эстетикалық әсерленуін, қоғамдағы мінез-құлық, таным, қарым-қатынас пен еңбек бағыттылығын атауға болады. Өмірдің барлық салаларындағы белсенді шығармашылық іс-әрекет те эстетикалық тәрбие берудің көрсеткіші, ол эстетикалық қабылдаудың дамуына, эстетикалық құбылыстарға деген нәзік эмоциялы серпіліске, оларды тереңнен түсінуге, эстетикалық идеалды жүзеге асырудағы іскерлікке негізделеді.

Эстетикалық тәрбиенің құрылымын сипаттау өзара байланысқан бірқатар компоненттерді белгілеуге мүмкіндік береді, олар:

- эстетикалық тәрбиенің өзіндік ерекше міндеттері;
- әр түрлі іс-әрекет түрлері;
- эстетикалық тәрбие міндеттеріне сәйкес тәсілдер;
- жалпы тәрбие әдістерінің негізінде арнайы әдіс-тәсілдерді

пайдалану;

- эстетикалық тәрбиеліктің қалыптасуы барысында көрінетін эстетикалық тәрбиенің нәтижелері.

Ғылыми әдебиеттерге шолу жасау және эстетикалық қарым-қатынас жайында сауалнама алу, бақылау жүргізу нәтижесінде сыныптан тыс жұмыс барысында жоғары сынып оқушыларына халық композиторларының мұралары арқылы эстетикалық тәрбие берудің компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды. Біз ұсынып отырған жоғары сынып оқушыларына халық композиторларының мұралары арқылы эстетикалық тәрбие беру мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттермен тұтастықта қарастырылады. Бұл компоненттер халық композиторларының мұралары арқылы тұлғаның эстетикалық тәрбиелілігін сипаттайтын негізгі өлшемдер мен көрсеткіштерді, деңгейлерді анықтауға мүмкіндік берді.

Мотивациялық компонент білім деңгейін кеңейтуге деген талпыныс пен өз сезімдері мен әсерлерін, түсініктерін әртүрлі тілдік үйлесімдерден, композициялық құрылымдардан таба білу, халық композиторларының орындауға деген қажеттілігімен анықталады.

Мазмұндық компонент оқушылардың отандық және шетел өнер шеберлерінің шығармалары, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары, әсерлі құрал тәсілдері, жарықтың түсуі, тұстану заңдылықтары бойынша қажетті білім деңгейлерінің көлемімен анықталады. Қоршаған орта әсемдігін сезіну, түсіну, көре білу

кабілеттілігінің дамуынан, дүниетану пәнінен алған білімдерінен көрінеді.

Іс-әрекеттік компонент эстетикалық тәрбиелік бағытындағы біліктіліктер мен дағдылар жиынтығын құрайды Эстетикалық тәрбиеліліктің өлшемдері төмендегідей:

- өнер шығармаларын эмоционалды-образды қабылдау;
- өнер туралы эстетикалық білім мен көркемдік шығармашылық.

Жоғары сынып оқушыларына халық композиторларының мұралары арқылы эстетикалық тәрбие берудің үлгісі жасауда біз педагогиканың негізгі теориясына сүйенетін болсақ: а) эстетикалық тәрбиенің мақсаты мен міндеттері, мазмұны; б) эстетикалық әдет пен эстетикалық дағдылар қалыптастыратын әдістер мен тәсілдер, эстетикалық әсер ететін жағдай туғызу, эстетикалық іс-әрекетке ынталандыратын әдістер, ұстанымдар, қағидаларды, т.б. негізге алдық.

Халық композиторлары мұралары арқылы оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда қазақ композиторларының әндерін үйрету, әңгіме, ертегі айту, мақал-мәтел, өлеңдерді қолдану арқылы жоғары сынып оқушыларының сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта т.б. таныстырып үйрету эстетикалық тәрбие беру ісін ойдағыдай шешуге жәрдемдеседі.

Біз мектептегі жоғары сынып оқушыларына халық композиторларының мұралары арқылы эстетикалық тәрбие беруде мотивациялық, мазмұндық, әрекеттік және бағалаушылық компоненттері тұрғысынан өлшемдері мен көрсеткіштері тұрғысынан іске асырылды.

<b>Компоненттер</b>	<b>Өлшемдері</b>	<b>Көрсеткіштері</b>
Мотивациялық	Оқушылардың халық композиторларының мұраларын меңгеруге деген ынтасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- халық композиторларының мұраларын үйренуге деген ынтасы, сүйіспеншілігі;</li> <li>- халық композиторларының әндерін меңгеруге деген ынтасы;</li> <li>- халық композиторларының әндерін орындауға деген оқушылардың бейімділігі;</li> <li>- тұлғаның музыка мен әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді терең меңгеруге деген ынтасы.</li> </ul>
Мазмұндық	Халық композиторларының мұраларының мән-мағынасын түсінуі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- халық композиторларының мұраларының мән-мағынасын, әндерінің мазмұнын түсінуі;</li> </ul>

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- халық композиторларының әндерін орындау біліктілігі;</li> <li>- халық композиторларының әндерін орындау дағдысы;</li> <li>- халық композиторларының әндеріндегі көркемдік мәдениетті танып білуі.</li> </ul>
Іс-әрекеттік – бағалаушылық	Халық композиторларының мұралары бойынша білімі, білігі, халық композиторларының мұраларын бағалай білуі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- халық композиторларының мұраларын менгерудегі өз бетінше жұмыс істеуі;</li> <li>- халық композиторларының әндеріндегі эстетикалық талғамдарды ажырата білуі;</li> <li>- халық композиторларының әндеріндегі эстетикалық құндылықтарды ажырата білуі;</li> <li>- халық композиторларының әндеріндегі эстетикалық құндылықтарды бағалауы.</li> </ul>

**Кесме 1.** Мектептегі жоғары сынып оқушыларына халық композиторларының мұралары арқылы эстетикалық тәрбие берудің өлшемдері мен көрсеткіштері.

Мектептегі жоғары сынып оқушыларына халық композиторларының әндері арқылы эстетикалық тәрбие берудің өлшемдері мен көрсеткіштері негізінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында жүргізілген жұмыстар барысында оқушылардың білімдік және тәрбиелік үш деңгейі жоғары, орта және төменгі деңгейлері айқындалды.

- Төменгі деңгей. Оқушылардың халық композиторларының әндерін менгеруге деген ынтасы, халық композиторларының әндеріндегі эстетикалық құндылықтарды ажырата білуінде, эстетикалық құндылықтар тұлғаның жеке бас қасиеттерінде жеткіліксіздігі анықталды.

- Орта деңгей. Оқушылардың халық композиторларының әндерін менгеруге деген ынтасы бар, халық композиторларының әндеріндегі эстетикалық құндылықтарды ажырата біледі, эстетикалық құндылықтар тұлғаның жеке бас қасиеттеріне айнала қоймаған.

- Жоғары деңгей. Жоғары сынып оқушыларына халық композиторлардың әндерін менгеруге деген ынтасы жоғары, халық композиторларының әндеріндегі эстетикалық құндылықтарды ажырата біледі және эстетикалық құндылықтарды бағалай алады.

Халық композиторларының мұралары арқылы оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру пән сабақтарының мүмкіндіктері мен сабақтан тыс уақытта жүргізілетін жұмыстар негізінде іске асырылды. Халық композиторларының мұралары арқылы оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын, Қазақстан Республикасында оқушы жастарға рухани-эстетикалық тәрбие беру тұжырымдамасын, пән сабақтарының мазмұны (қазақ әдебиеті, тарих), сабақтан тыс уақытта тәрбие жұмыстарының әртүрлі формалары мен әдістері, мектептен тыс іс-шаралар және ата-аналармен жұмысты қамтыған жоғары сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие беру жүйесі ұсынылды.

Зерттеу жұмысымызды теориялық негіздеу барысында оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің құрылымдық – мазмұндық үлгісі айқындауда тәрбиені ұйымдастырудың негізгі ұстанымдарын оқытудың өмірмен, практикамен байланыстылығы, жүйелілік және бірізділік, үздіксіздік, көрнекілік, жанрлық және көркемдік, т.б. басшылыққа алдық.

Жалпы зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халық композиторлардың әндері арқылы тұлғаның эстетикалық сезімін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, халық композиторлардың әндері арқылы эстетикалық ұғымды, пайымдауды, баға беруді және эстетикалық танымды қалыптастыру және халық композиторлардың әндері арқылы өнер салаларында балалардың қабілетін, ынтасын және бейімділігін дамытуға, тұлғаның музыка мен әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді терең меңгеруге бағытталады.

Мақсатқа бағытталған қағидаға тұлға дамуының әрбір кезеңіндегі нақты мақсатты бағдар, ұжымдық қажеттіліктердің нақты есебі, басты тәрбиелік іс-әрекеттердің түрін дұрыс таңдау жатады.

Гуманистік бағыттағы қағида гуманистік ойлар мен бағыттардың алдыңғы орынға шығуын ұсынады, яғни әрбір тұлғаға сыйластықпен қарау, оның барлық күш-жігерінің дамуына қамқорлық жасау, еркіндігі мен әлеуметтік құқығын тану, мұғалімнің білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дамуына жауапты субъект – субъект қатынасы негізінде өзара іс қимыл жасау.

Табиғилылық қағидасы тәрбиенің табиғи және әлеуметтік мәдени үрдістер арасындағы ара-қатынасын ғылыми тұрғыда

түсінуге негізделеді, яғни оқушылар жынысына, жасына сәйкес тәрбиелейді, олардың бойында өзін-өзі дамытуда, жүріс-тұрыс әрекеттері барысында туындайтын экологиялық зардаптар үшін жауапкершіліктерін қалыптастырады.

Мәденилілік қағидасы тәрбие жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде ұлттық мәдениеттің нормалары мен құндылықтарына сай, жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін аймақтық дәстүрлерге сай жүзеге асады.

Әлеуметтік өзара іс-әрекеттің тиімділік қағидасы білім беру жүйесіндегі түрлі ұжымдардағы тәрбие деп ұйғарылды, ол тәрбиеленушілердің қарым-қатынас аумағын кеңейтуге мүмкіндік береді, мәдени әлеуметтік үрдістерде өзін-өзі анықтауына сындарлы жағдай жасайды, негізінен өз-өзін танытуға әлеуметтік бейімделу дағдыларын қалыптастырады.

Тұлғаның әлеуметтік мәдени білігін дамытуды тәрбиелеуді шоғырландыру қағидасы тәрбиенің түпкі мақсаты мен тактикасы балаға, жасөспірімге, жас жеткіншектің әлеуметтік мәдени тәжірибені меңгеруіне және әлеуметтік ортада өзін-өзі еркін анықтауына қалыптастырады.

Тәрбие үздіксіздігі (үздіксіз тәрбие) қағидасы – тұлғаның тіршілік әрекетінің барлық сатыларындағы жан-жақты даму ұйғарылған: шығармашылық шабытының толығы және оның кәсіби және жалпы мәдениеттілігінің жоғарылауы, күші мен қабілеттерін толығымен іске асыру мүмкіндіктер қарастырады.

Бірлік талабы мен сабақтастықты қамтамасыз ету қағидасы – мұғалімдердің мектеппен, мектеппен тыс мекемелермен, отбасымен достастығын құру, тұлға дамуының барлық сатыларында тәрбие сапасын көтеру ең қажетті шарт, сонымен қатар әлеуметтік орта (мәдениет және өнер, баспасөз, көркем әдебиеттер, кино теле-радио хабарлар, жинақталған баспасөз мәліметтері және т.б.) тәрбиенің жағымды әсерін күшейту ұсынылады.

Жеке тұлғалану қағидасы әрбір оқушының жеке әлеуметтік даму жолын анықтау, оның ерекшеліктеріне сәйкестендіріп арнайы міндеттерді бөліп беру, әрбір баланың жеке потенциалын ашуға және өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндіктер беру, оқуда және оқудан тыс жұмыстарда тұлғаның табиғи мүмкіндіктерін ашатын іс-әрекеттердің түрлеріне баланы қатыстыру.

Тәрбиенің ортасын құру қағидасы білім беру мекемелерінде баланың әлеуметтенуіне мүмкіндік тудыратын қарым-

катынастарды құру талап етіледі. Ең алдымен, педагогтар мен оқушылардың ұйымшылдығы яғни мектеп ұжымының бірлік идеясы маңызды рөл атқарады. Әрбір сыныпта, пән бірлестіктерінде ұйымшылдық пен психологиялық бірлік (интеллектуальды, ерікті және эмоциональды) қалыптасуы керек. Тәрбие ортасын құру – педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзара жауапкершілігі, көңіл-күйге ортақтасуы, өзара көмегі, қиындықты бірге жеңе алу қабілеті болып табылады.

Этникалық қағида – бірінғай этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне мүмкіндік, жасайтын мәдени ортаның қалыптасуы, қоғамдық қатынастар, азаматтық келісім мен үйлесімге жету. Субъектінің ана тілі мен мәдениетін толық игерумен қатар әлемдік мәдени құндылықтарды, дәстүр, тіл, психикалық тұрпат, этникалық сананы қамтитын рухани өмір саласына араластыру іс-әрекеттерін ұйымдастыру.

Жоғарыда эстетикалық тәрбие беруге байланысты мақсат, міндеттерді, ұстанымдарды, заңдылықтарды негізге ала отырып, эстетикалық талғамы қалыптасқан тұлғаны қалыптастыруға болады.

Жоғары сынып оқушыларына халық композиторларының мұралары арқылы эстетикалық тәрбие беру жүйесін құруда сыныптан тыс жұмыс барысында төмендегідей ұстанымдар пайдаланылды:

Оқытудың өмірмен, практикамен байланыстылығы принципі. Шығармашылық тұрғысынан алғанда оқылатын қолданбалы, практикалық материал ғылыми, ізденістің нәтижесі, ол біржолата орныққан құбылыс емес, ғылымның, қоғамның дамуына байланысты өзгеріп отырады.

Жүйелілік және бірізділік принципі білім, білік, дағдының белгілі бір ретпен жүйемен қалыптасқан оқу материалының әрбір элементі келесімен логикалық түрде байланысып, кейінгінің алдыңғыға сүйеніп жаңаны игеруге даяр болуын талап етеді. Жүйелілік пен бірізділік тек педагогтардың ғана іс-әрекетінде емес, білім алушылардың іс-әрекетінде де іске асуы керек. Олардың іс-әрекетін тиімді жоспарлау, өзіндік білім, өзіндік даму дағдыларын қалыптастыру жолымен іске асады.

Көрнекілік принципі сезімдік қабылдау. Неғұрлым ол әртүрлі болса, солғұрлым оқу материалы берік меңгеріледі. Оқу құралдарының қазіргі жетістіктері, әсіресе мультимедиа технологиясы мен шығармашылық іс-әрекеттің толық көрінуін қамтамасыз етеді.

Оқытудың міндеттері мен мазмұнына байланысты әртүрлі әдістер мен құралдарды үйлестіру принципі. Педагогтың міндеті әдістер мен құралдардың ең тәуір үйлесімін таңдау. Тәрбиенің міндеттері мен мазмұны білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін, білім деңгейін, тәжірибесін, әлеуметтану дәрежесін ескереді. Тәрбиедегі көптеген міндеттер тәрбие әдістерін түрлендіруді және жетілдіруді талап етеді.

Тәрбиеге қажетті жағдай тудыру факторлары төрт жағдайды қамтиды: оқу-материалдық, моральдық-психологиялық, эстетикалық және уақыттық. Бұл жағдайлар өзара байланыса отырып тәрбие процесіне әсерін тигізеді.

Білім беру, тәрбиелеу және дамытуды нәтижелерінің беріктігі принципі.

Тек білімдік емес, дамытушылық, тәрбиелік тиімділіктің беріктігі; адамгершілік көзқарастың, оқу танымдық іс-әрекет дағдыларының беріктігін көздейді; сонымен бірге алған білім, білік, дағдылардың практикалық бағыттылығы ескеріледі.

Сабақтастық принципі көп сипатты: жалпы орта мектепте бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім; білімдік бағдарламалар мен мемлекеттік білім стандарттары; технологиялар, әдістер, оқытуды қалыптастыру формалары және т.б.

Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда төмендегідей принциптерін басшылыққа алуға болады деп санаймыз. Олар: жанрлық және авторлық, көркемдік-эстетикалық, әдебиеттану, қарым-қатынас-тілдік, даралап оқыту.

Көрнекілік Жанрлық және авторлық принциптерді пайдалану әр түрлі жанрда жазатын бір автордың бірнеше шығармасын біруақытта қарастыру, мысалы. Біржан сал, Ақан сері, Абай, Мұхит, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырайдың көркемдік сюжеттік өлеңдері. Халық композиторларының бір жанрда жазған шығармалары салыстырмалы түрде қарастырылады.

Көркемдік-эстетикалық принцип. Халық композиторларының шығармалары оқушылар алдына қоршаған дүниенің байлығын және адамдардың қарым-қатынасын ашады, эстетикалық сезімдерін ұштайды, болмысқа деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Бұл принцип өнердің барлық басқа түрлерінің арасындағы байланыстың белсенді тұрақтылығын қарастырады.

Әдебиеттану принципі әдеби шығармамен танысып, оны талдағанда іске асады. Сөзге ерекше көңіл бөлінеді, себебі ол

көркемдік бейне жасаудың құралы, оның арқасында автор өзінің ойын, сезімін, көңіл күйін, көзқарасын жеткізеді. Оқушылардың көркемдік бейнені түсінуі шығарманы бейнелік құралдарын талдау арқылы іске асады, көркем шығарманы талдау барысында онда көтерілген проблемалар, адамгершілік және эстетикалық идеялар көркемдік формалар, отан туралы, бейбітшілік, дүние туралы оқушылардың түсінігі толығады.


Әдебиеттану принципі оқытудың бастапқы кезеңінің ерекшеліктерін ескере әдеби шығарманы талдағанда іске асады, көркем образды жасаудың құралы ретінде қабылданады, сөз арқылы автор өзінің ойын, сезімін, идеяларын жеткізеді. Көркемдік шығармамен жұмыс көркемдік мәнерлік эпитет, теңеулерді талдаумен шектелмеуі тиіс. Оқушылар адамгершілік-эстетикалық идея көркем форма, композиция сияқты ұғымдардың алғашқы түсініктерін меңгереді.

Қарым-қатынастық тілдік принципі оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытуға үлес қосады. Мектепте халық композиторларының мұралары арқылы жоғары сынып оқушыларының эстетикалық мәдениетін қалыптастыру әңгімелесу, дискуссия, педагогикалық талап қою, сендіру, жаттықтыру, ынталандыру, сауалнамалар, тест тапсырмалары сияқты тиімді деп саналған әдіс-тәсілдері іріктеліп алынды.

Жоғары сынып оқушыларына халық композиторларының мұралары арқылы эстетикалық тәрбие беру жүйесі оқыту үрдісіндегі Қазақстан тарихы, жалпы тарих, қазақ әдебиеті пәндері арқылы жүргізілсе, ата-анамен жұмыс барысында ата-аналар комитеті, жиналыс, кездесулер, семинар, кеңестер, жеке әңгіме арқылы жүзеге асырылады.

Сыныптан тыс тәрбие конференция, диспут, кештер, кездесулер, тәрбие сағаты, сынып сағаты, жорықтар, үйірме, апталықтар, көрмелер өткізумен сипатталады. Жоғары сынып оқушыларына халық композиторларының мұралары арқылы эстетикалық тәрбие беру жүйесі мектеп, отбасы және әлеуметтік ортаның ынтымақтастығында жүзеге асады.





**Кесте 2.** Жоғары сынып оқушыларына халық композиторларының мұралары арқылы эстетикалық тәрбие берудің құрылымдық мазмұндық үлгісі.

**Әдебиеттер**

1. Ақан тағылымы. Ақан сері Қорамсаұлының 100 жылдық мерей тойына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция. – Көкшетау, 1994. - 128 б.
2. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы, Дайк-Пресс. 2001.-440 б.
3. Подласый И.П. Педагогика. Новый курс; Учебник для студентов пед. вузов; Процесс воспитания. – М., 1999. – 245 с.
4. Смирнов С.А., и др. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии. – Москва, АСАДЕМА. 2003. -512 с.
5. Коджаспирова Г.М. Педагогика. – Москва, ГАРДАРИКИ. 2009. -528 с.
6. Дахин А.Н. Педагогическое моделирование: сущность, эффективность и неопределенность //Педагогика, 2003 №4, С. 22
7. Кукушкин Общие основы педагогики. Серия педагогическое образование. – Ростов н.Д., Издательский центр МарТ, 2002. - 224.
8. Саранцева Г.И. Цель, объект, предмет педагогического исследования //Педагогика 2002, №7, С.16
9. Гончаров И.Ф. Эстетическое воспитание школьников средства искусства и действительности. – М., Педагогика, 1986. – 126 с.
10. Жұмалиева Т., Ахметбекова Д., т.б. Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы. – Алматы. 2005. -557 б.
11. Қазақ мектептері мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде имандылық – эстетикалық тәрбие берудің тұжырымдамасы. – Алматы, РБК. 1990. -52 б.

**References**

1. *Aqan tagylymy. Aqan seri Qoramsaulynyn 100 zhyldyq merej tojyna arналған respublikalyq gylymi-praktikalыq konferenciya.* – Kokshetau, **1994.** -128 b. (In Kazakh)
2. Zhubanov A. *Zamana bulbuldary.* – Almaty. Dajk-Press. **2001.**- 440 b. (In Kazakh)
3. Podlasyj I.P. *Pedagogika. Novyj kurs; Uchebnik dlja studentov ped. vuzov; Process vospitanija.* – M., **1999.** – 245 s. (In Russ.)
4. Smirnov S.A., i dr. *Pedagogika: pedagogicheskie teorii, sistemy, tehnologii.* – Moskva, ASADEMA. **2003.** -512 s. (In Russ.)
5. Kodzhaspirova G.M. *Pedagogika.* – Moskva, GARDARIKI. **2009.** -528 s. (In Russ.)
6. Dahin A.N. *Pedagogicheskoe modelirovanie: sushhnost', jeffektivnost' i neopredelennost' //Pedagogika, 2003 №4, S 22 (In Russ.)*
7. Kukushkin *Obshhie osnovy pedagogiki. Serija pedagogicheskoe obrazovanie.* – Rostov n.D., Izdatel'skij centr MarT, **2002.** -224. (In Russ.)
8. Saranceva G.I. *Cel', objekt, predmet pedagogicheskogo issledovanija // Pedagogika 2002, №7, S.16 (In Russ.)*
9. Goncharov I.F. *Jesteticheskoe vospitanie shkol'nikov sredstva iskusstva i dejstvitel'nosti.* – M., Pedagogika, **1986.** – 126 s. (In Russ.)
10. Zhumalievа T., Ahmetbekova D., t.b. *Qazaq halqynyn dasturli muzykasy.* – Almaty. **2005.** - 557 b. (In Kazakh)
11. *Qazaq mektepteri men mекtepke dejingi balalar mekemelerinde imandylyq – jestetikalyq tarbie berudin tuzhyrymdamasy.* – Almaty, RBK. **1990.** -52 b. (In Kazakh)

ГТАХР 02.11.21

*Р.К. Досжан<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қазақ ұлттық хореография академиясы  
(Астана, Қазақстан)*

**МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТЫҢ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ  
ФИЛОСОФИЯСЫНДА ДАМЫҒАН ЖАҢА ИДЕЯЛАР**  
(Абай, Шәкәрім философияларының негізінде)

**Аннотация**

*Мақалада Абай мен Шәкәрімнің қазақ поэзиясына қосқан үлесі, өлеңдерінің поэтикалық ерекшеліктері, өлеңдер және прозалық шығармалары көрсетіледі. Сөздерінің және өлеңдерінің сұлулығы Жаратушы, адам және оның өмірі жайлы терең ойлармен байланысты. Екі ақын философиялық поэзияны құруға үлкен үлес қосты. Шәкәрімнің көзқарасы мен мақсаты - Абайдың поэзиясының логикалық жалғасы. Сонымен қатар, қазақ поэтикалық өнері жаңа шешімдермен, сөз тіркестерімен және әндер үлгілерімен байытылған. Қазақ поэзиясының жан-жақтылығы мен сұлулығы ақындардың жұмыстарында толығымен ашылады.*

***Тірек сөздер:** Абай, Шәкәрім, поэзия, қазақ философиясы.*

*R.K. Doszhan<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh National Academy of Choreography  
(Astana, Kazakhstan)*

**NEW IDEAS IN KAZAKH PHILOSOPHY DEVELOPED ON THE  
BASIS OF CULTURAL RELATIONS**  
(based on Abay, Shakarim's philosophy)

**Annotation**

*The article deals with the features of poetics of Abay and Shakarim, the contribution of poets to development of the Kazakh poetry, poetic features of their verses, poems and prosaic works. The beauty of their words and verses are connected with deep reflections about an essence of God, human and life. Both poets bring a huge contribution in creation of philosophical poetry. Shakarim's outlook and his views are continuation of Abay's poetry. At the same time Kazakh poetical art is enriched with new forms, word combinations and song patterns. The versatile beauty of Kazakh poetry is exposed in their creative activity in full.*

***Keywords:** Abay, Shakarim, poetry, Kazakh Philosophy.*

*Р.К. Досжан<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахская национальная академия хореографии  
(Астана, Казахстан)*

## **НОВЫЕ ИДЕИ В КАЗАХСКОЙ ФИЛОСОФИИ, РАЗРАБОТАННЫЕ НА ОСНОВЕ КУЛЬТУРНЫХ ОТНОШЕНИЙ**

(на материале философии Абая и Шакарима)

### **Аннотация**

*В статье раскрывается вклад Абая и Шакарима в казахскую поэзию, поэтические особенности их стихов, поэм и прозаических произведений. Красота их слов и стихов связана с глубокими размышлениями о сути Бога, человека и бытия. Оба поэта вносят огромную лепту в создание философской поэзии. Мироззрения и цели Шакарима являются логическим продолжением поэзии Абая. При этом казахское поэтическое искусство обогащается новыми решениями, словосочетаниями и песенными узорами. Многогранность и красота казахской поэзии раскрываются в их творчестве во всей ее полноте.*

**Ключевые слова:** *Абай, Шакарим, поэзия, казахская философия.*

Әлемдік мәдениетке әр халық барша адамзат мәдениетін байытатын өзіне тән қайталанбас құндылықтарын енгізеді. Осы орайда әлемдік рухани мәдениетке қазақ халқы да, әрине, өзіне тән құндылығын енгізді.

Осы әйгілі адамдардың ішінде А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы рухани мәдениет пен қазақ халқының дүниетанымын жаңа дәрежеге көтерген дамудың жаңа көкжиегін ашты.

Абай қазақтың жаңа реалистік әдебиетінің негізін салушы, қазақтың әдеби тілінің іргесін қалаушы ретінде белгілі. Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің өмірлік және шығармашылық жағынан бағыттаушысы болған Абайдың идеялары мен шығармашылық ізденістерінің жалғастырушысы болды. Ақын, прозашы, аудармашы, музыка теоретигі, ойшыл Шәкәрім бізге тек өлеңдер мен дастандар ғана емес, прозалық туындылар, философиялық және тарихи еңбектер де қалдырды.

Абай мен Шәкәрімнің рухани бірлігі олардың дүниені қабылдаудағы ұқсастығынан және «зиян келтірме» деген қоршаған әлемге қарым-қатынастарынан көрінеді. Адам – ғалам бірлігі оның қоршаған ортасы қалай өмір сүргеніне байланысты болады. Абай мен Шәкәрімнің ізгілігі олардың өмірі мен шығармашылығында өшпес із қалдырды. Абайдың «Адам бол!» дегені Шәкәрімнің «Адам немене?» дегенімен байланысады. Адам ақыл-оймен,

сұлулық заңымен өмір сүруі керек, ал ол үшін ғылымға қол жеткізіп, қажымай еңбек етіп, рухани мінсіздікке жетуі қажет. Еңбексүйгіштік, білім аңсау және ізденгіш ақыл, өзінің адами қадір-қасиетін ұғыну және өз пікіріне ие болу, әділетсіздікпен күресе білу және қастыққа қарсы тұра білу – Абай мен Шәкәрімнің өз замандастарынан көргілері келген қасиеттердің легі.

Бұл идеялар өмірінің соңғы жылдары жазылған Абайдың нақыл сөздері – «Қара сөздерінде» айқын және терең көрінеді. «Қара» терминінің «сөз» терминімен тіркесуі көп мағынаны береді: ұйқас сөздер мен мәтінге қарағанда прозаны білдіреді, қайғыны да білдіреді, сайып келгенде түркі мәдениетінен келе жатқан маңыздылықты, мәнділікті білдіреді. «Қара сөз» жанры бойынша Шыңғысхан дәстүріндегі «билик» атауына жақын, яғни үлгілік мағынаға ие болатын орынды нақыл сөз, өмірлік мысалдар туралы әңгіме. Еуропалық дәстүр бойынша, «Қара сөз» - бұл ұшқыр ой, қанатты сөз (афоризм), кеңес жанры. Бұл, сонымен қатар, оқырманға тікелей үндеу, ашық әңгіме, халық тағдыры аясындағы өмір философиясы.

Ал мағынасы бойынша «Қара сөз» - өкіну, яғни тәубеге келу, тікелей жауапты жанр, себебі бұл қадірлі адамның барша әлем алдында сөйлеуі және бұл жазушыдан берік шындықты және адалдықты талап етеді. Тәубешілік ету жанры (жанр исповеди) әлем әдебиетінде сонау Марк Аврелий, Петр Абеляр, Блез Паскаль және Жан-Жак Руссо кездерінен белгілі [1, 18 б.]. Алайда түркі, әсіресе қазақ әдебиеті үшін көбінесе эпостық сипаттағы жанр – теңдессіз құбылыс. Бұл жаннның ақтарылуы, адам өмірінің опасыздығы туралы терең, тіпті ащы ойға бату деген сөз.

Абай жас ұрпақты тұйыққа тірейтін жалған құндылықтар мен бағыттар туралы айтып іштей қынжылады: өзін басқалардан артық көріп, дәріптеушілік, бекершілік, жасықтық, надандық, мансап құмарлық, менменшілдік және маңыздылыққа, жақсылық пен қастыққа, армандарға немқұрайлық. Сезімнің суықтығы, келісім мен бірліктің жоқтығы, жоғарыға деген ұмтылыстарды жоғалту – осының барлығы жаннның жалғызсырауына әкеп соғады. Мұндай адам өшіп бара жатқан тұлға, мұндай халықтың болашағы болмайды. Сондықтан қоғамның жетілмегендігі және ақыл-ойдың күдіреттілігіне, тарих арқылы жиналған ішкі әлеуетке сенім мен үміттің дамымағандығы жөнінде жазушы-гуманистің мұңы мен күйініші сондай терең [2, 372 б.]. Абай оқуға, қоршаған әлем мен өзін-өзі тануға, болашаққа талпына отырып табиғат пен қоғамның

құпия-сырларын ашуға, ақылды және әділ болуға, әрдайым дамып, жетілуге ынтыға шақырады. Бұл сөздер әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған.

Абайдың идеяларына үндестікті Шәкәрімнің шығармашылығынан табамыз. Өзінің «Үш ақиқат» туындысында Шәкәрім адами ішкі мазмұнның басты негіздерін атайды. Шәкәрім бойынша адамда танымның үш қабілеті бар: ақыл, сезім және жігер. Бірақ ең бастапқы шындық – бұл ар-ұят. Дәл сол ар-ұят адамгершіліктің өзегі, адамның рухани жетілуінің тірегі болып табылады. Ол ақыл-ойды дұрыс жолмен жетелеуі керек және ерік-жігерді дұрыс пайдалана алуға әкелуі керек: «Адамның сыпайылығы, әділеттілігі, ізгілігі – осының барлығын біріктіріп, бір сөзбен – ар-ұят деп айтамын. Осыған ақыры сенбеген жүректі ешбір ғылым, ешбір өнер, ешбір жол және ешбір заң тазарта алмайды [3, 41 б.].

Абай мен Шәкәрім, сөзсіз, өз заманының ең білімдісі және өз елін шексіз сүйетін нағыз патриоттар болды. Олар түркі халқының әдебиетінде қазақ жазушылары мен ақындарының ең керемет өкілдері болып саналады. Шығыс мәдениеті мен түркі халқының әдебиеті Абайды да, Шәкәрімді де әрдайым қызықтырды. Екеуі де араб, парсы, түрік, орыс тілдерін меңгерген. Олар ерте заманғы көркем мұралардың түпнұсқаларын оқып, ондағы сюжеттерді кесіп алып, өз туындылары үшін шығармашылықпен өңдеген. Бірақ Абай мен Шәкәрім шығармаларының идеялық-көркемдік мазмұны шығыстық үлгіден әрдайым ауқымырақ, себебі жазушылар әрбір туындыны өзіндік әлеуметтік-көзқарастық тұғырынан өткізіп ұғынған.

Абай мен Шәкәрімнің көптеген поэзиялық тұжырымдары адам және оның кемелі мен үйлесімі өмірдің басты қайнар көзі болып келетін Шығыс даналарының қанатты сөздерімен (афоризмдерімен) үндеседі. Мысалы, Шәкәрімнің сөз, поэзия, ақындық тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық маңыздылығы туралы ойлары түрік жазушысы Ахмед Хашимнің идеяларына жақын: Мен нағыз патша емеспін бе? Менің әскерім – менің өлеңдерімнің жолдары. Өлеңдер ескі дәуірдегідей қазір де өшпес мәңгілік. Және шыншыл өлең бәрін де басынан өткізеді [4, 623 б.].

Шәкәрім өз шығармашылығында тікелей түркі тақырыбына да бет бұрады. «Қазақтың түп атасы – батыр Түрік» шығармасында ол түркі халқының тарихы мен этнографиясын суреттейді. Сонымен қатар «Шежіре» еңбегінде Шәкәрім көшпенді халықтың тарихын көрсетеді [5, 320 б.].

Біздің еліміздегі көптеген дамуларға географиялық, геосаяси және діни ерекшеліктер себепші болды. Ғасырдан ғасырға өте келе ол батыс, шығыс және түркі әлемдік мәдениеттердің әсерін көреді. Осы тұрғыда Абай мен Шәкәрімді түркілер деп те, еуразияшылдар деп те атауға болады. Екеуі де өз халқының демократиялық орыс және жалпыадамзаттық мәдениетті ұғыну арқылы ағартушылық пен білімдегі экономикалық және мәдени даму жолдарын көрді. Абай В.Г. Белинский мен басқа да революциялық демократтардың эстетикалық көзқарастарымен таныс болды. Оған орыс сыншыларының өнер мен көркем сөзді тарихи прогресстің, қоғамның рухани және адамгершілік дамуының күдіретті қозғалтқышына айналдыру ұмтылыстары жақын.

Абай ұлы орыс жазушыларының шығармаларын аударумен айналысқан. Мұнда да ол өзінің ізгілік, ағартушылық міндеттерін ұстанып қалды. Ол тек өзінің идеясы мен көңіліне жақын туындыларды ғана аударды. Ұлы орыс ақыны Пушкиннің көптен күткен ой-толғанысы мен сезімі, оның жаңашыл өмір туралы ойлары мен өнегелі идеалы жүзеге асқан ең бір ықыласты шығармаларының бірі – «Евгений Онегин» Абайға қатты ұнады.

Орыс әдебиетінің арқасында Абай Батыс Еуропа классикасының озық үлгісімен танысты. Ол қазақ тіліне Шиллер, Гете, Байрон және Мицкевичтің кейбір өлеңдерін аударды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы те көптеген туындыларды әртүрлі тілдерден аударған аудармашы ретінде танымал. Шәкәрім өзі хат алмасып тұратын Лев Толстойдың еңбектерін аударған. Шәкәрімнің аударған шығармаларының ішінде Бичер Стоу, Хафиза, Н.А. Некрасов және т.б. еңбектері бар. Алайда қазақ арасында ең әйгілі болып Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы және Пушкиннің «Боран», «Дубровский» шығармалары саналады [6, 78 б.].

Абай мен Шәкәрім шығармашылығы көшпенді эстетикаға тән, яғни алға қарайғы тұрақты қозғалыс, қиыншылықтарға төзімді болу және алға жылжып, мүмкін емес нәрсеге қол жеткізу. Болашақты олар жетілген қоғамдағы жетілген адамнан көреді. Мақсатқа жетуге болады, ол үшін адалдық, табандылық, сезімге адалдық қажет және махаббат үшін құрбандыққа бара алуы керек. Егер адам еңбек пен білім жолында жүрсе, осы игі сапалар қалыптасады.

Абай Құнанбаев пен Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ мәдениетінде керемет тұлғалардың қатарына жатады. Мұралары әлі

күнге дейін өзекті, тіпті сан ғасырлардан кейін де олардың туындыларынан қазіргі заманның ойландыратын сұрақтарына жауап тауып жатамыз.

#### Әдебиеттер

1. М. Султанбеков. Поэтическое Вдохновение: Абай, Шакарим и Мухтар. – Новосибирск, 2007. 186 с.
2. Т.Шанбай. Вопросы Шакаримоведения 5. – А., 2007. – 372 с.
3. Мұқанов С. Абайдың шәкірттері туралы. //Абай. – 1992. – №4.
4. Исабаев Б. Ұлылар мекені. – Новосибирск, 2001. – 623 б.
5. Сәтбаева Ш.К. Бес томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2011. – 320 б.
6. Құдайбердиев Ш. Шығармалары / Өлеңдер, дастандар, қара сөздер/. – Алматы, 1988.

#### References

1. M. Sultanbekov. *Pojeticheskoe Vdohnovenie: Abaj, Shakarim i Muhtar.* – Novosibirsk, **2007**. 186 s. (*In Russ.*)
2. T. Shanbaj. *Voprosy Shakarimovedenija 5.* – A., **2007**. – 372 s. (*In Russ.*)
3. Muqanov S. *Abajdyn shakirtteri turaly.* //Abaj. – **1992**. – №4 (*In Kazakh*)
4. Isabaev B. *Ulylar mekeni.* – Novosibirsk, **2001**. – 623 b. (*In Kazakh*)
5. Satbaeva Sh.K. *Bes tomdyq shygarmalar zhinagy.* – Astana, **2011**. – 320 b. (*In Kazakh*)
6. *Qudajberdiev Sh. Shygarmalary / Olender, dastandar, qara sozderl.* – Almaty, **1988**. (*In Kazakh*)



FTAХР 15.41.21

*Б.К. Сақтаганов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қазақ ұлттық хореография академиясы  
(Астана, Қазақстан)*

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **Аннотация**

*Мақалада студенттердің шығармашылық ойлауы мен мәдениетінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері зерттеледі. Жоғарғы оқу орындары студенттерінің мәдениеті және шығармашылық ойлауын қалыптастырудың ерекшеліктері келтірілген. Ғылымдағы әр түрлі психологиялық және педагогикалық тәсілдер егжей-тегжейлі қарастырылады.*

***Тірек сөздер:** психология, шығармашылық ойлау, студенттер*

*B.K. Saktaganov<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh National Academy of Choreography  
(Astana, Kazakhstan)*

## **PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL FEATURES OF CULTURAL DEVELOPMENT AND CREATIVE THINKING AMONG STUDENTS**

### **Annotation**

*In the article psychological and pedagogical features of creative thinking and culture of students are considered. The characteristics of the formation of culture and creative thinking of university students are given. Various psychological and pedagogical approaches in science are examined in detail.*

***Keywords:** psychology, creative thinking, students*

*Б.К. Сактаганов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахская национальная академия хореографии  
(Астана, Казахстан)*

## **ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРЫ И КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ У СТУДЕНТОВ**

### **Аннотация**

*В статье рассматриваются психолого-педагогические особенности креативного мышления и культуры студентов. Дается характеристика формирования культуры и креативного мышления студентов вуза. Подробно исследуются разные психолого-педагогические подходы в науке.*

***Ключевые слова:** психология, креативное мышление, студенты*

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласында жаңаша білім беру жүйелерінің құрылымы жасалуда. Соның ішінде «жеке тұлғалық тұғырды» болжайтын креативті білім беру, студенттерге педагогтардың тікелей жекелік бағытталуына баса назар аударылып отыр. Мәселенің басына жаңа білім, білік және дағдыны, әрекет тәсілін өз бетімен қалыптастыра алуға қабілетті студенттерді дамыту қойылады. Креативті оқудың басты шарты студенттердің бастамашылдығы болып табылады.

Бүгінде ЖОО-ы, кең тұрғыдан мекеме, институттық жүйе, бірлестік ретінде түсініліп, білім беру сапасын және мамандардың кәсіби дайындығын қамтамасыз ету өзектендіріледі. Бұнда әр түрлі кәсіби дағды мен шеберлікті игеру аз уақытта және аз шығынмен жүзеге асуға тиіс. Бұл өз кезегінде өзіндік білім алу және үздіксіз оқуға қабілетпен байланысты жаңа іс-әрекет түрлерін белсенді игеруге қабілетті болжайды.

Сондықтан білім беруде, тәрбиеде өнімділікке дейін болмауы тиіс, ал өнімділік ақпараттық және қарым-қатынастық технологияны меңгерген, өзінің кәсіби сапасын және өзін көрсете алатын және бейімделе алатын, бәсекеге қабілетті, белсенді жаңа адамды қалыптастыруға тиіс.

Осыған байланысты «сауаттылық» сапасының мәнін нәтиже немесе адам қуаты ретінде түсінуді өзгертуді атап кетуіміз қажет. Этимологиясы – адамның бейнені, әлемді, өзінің жеке тұлғасын, өткенді және болашақты, жақсылық пен жамандықты қабылдауы. Білім алу – басқаларды, өзін, өмірдің мәнін, өмір алдындағы өзінің жауапкершілігін түсінуі. Бұндай көзқарас өзіне басқа нәрселерге қарағанда мәдениетті әмбебапты тұрғыдан қызықтырады. Мәдениет – бұл біртұтас өмір, бұл разылық пен адалдық, күш; бұл адам баласының мәңгілік идеалы, ой-пікірлердің барлық жалпы қайнар көзі. Сонымен бірге, дамушы адам үшін мәдениет өмір сүрудің (өмір, энергия, қуат) тікелей формасы және өзін-өзі анықтау үшін, өзін саналы түрде жасау үшін негіз болады.

Білімді адам әуел бастан «туу құқығы бойынша» мәдениетке кіреді және сонда және сол арқылы дамиды. Сонымен бірге, білім алу барысында адамның мәдени қалыптасуы өзіндік әрекетінде, жеке тұлғалық тәсілімен жүреді.

Қазіргі уақытта адамның білімділігі тек сауаттылығы мен мәдениеттілігінде ғана емес, өмірге ұқыпты және саналы қатынас, өзінің алдында және басқалардың алдында жауапкершілікті сезінуімен білінеді. Ол адамның өзімен, өзінің санасымен, адамгершілігімен, шеберлігімен жұмыс істеуін, қажет болған

жағдайда өзінің жеке стереотипін өзгертуге шешім қабылдауын болжайды.

Сонымен, егер оқу өмірді «нәрселік» түрде, яғни білімді, мәдени норманы игеру деп айтатын болсақ, онда білімділік – бұл жеке өзіндік іс-әрекет. Бұл жағдайда, біз білімділік мәнін даралықта мәдениетті шығармашылық тұрғыда игеру десек, қуаты мәдениетке шартты жаңаны әкелуі мүмкін адамның бұндай дамуын да ескерте кетуіміз керек. Сонымен бірге, жоғары білім беру жүйесін жасай отырып, жеке тұлғаның өзіндік іс-әрекетін ынталандырады, өзінің соңынан қалай жүру керектігін және оқу үшін жаңа мүмкіндіктер тудыруға оны бағыттайды, оған көмектеседі, қабілеттерді қалыптастыруға, жаңа шеберліктерді игеруге көмектесуге тиіс.

Жаңаша білім беру шарты, ең алдымен, студенттердің рухани және креативті мәнінің дамуына бағытталған. Бұнда жоғары білім беру тәжірибесінің басты міндеті тек қана табиғат пен қоғамның заңдарын оқу емес, сонымен бірге «адам–табиғат – қоғам» жүйесіне қарым-қатынас тепе-теңдігі және әлемді шығармашылықты түрде қайта жасаудың гуманистік әдіснамасын игеру әрекетіне көмектесу болып табылады. Бұндай міндетті басты мақсаты адамның шығармашылық қуатын сақтау мен дамыту болып табылатын жаңа білім беру шешеді.

Жоғары білімге жаңа көзқарастар болашақ маманның креативті ойлауын мақсатты түрде дамытуға бағытталуымен аяқталады. Психологтар дайын білім студенттердің өзбетінділігін қалыптастыруға бейімдемейді, олардың ішкі мотивациясын әлсіретеді және тұлғаның қуатының қажетсіз болуына әкеледі деп тұжырымдайды. Нақ сол үшін оқу үрдісінде креативті ойлауды дамыту, заманауи мамандар дайындау міндеттеріне сәйкес қабілеттерді дамыту басымдық көрсетеді.

Бүгінде оқыту үрдісінде студенттердің креативті іс-әрекет тәсілін, оның механизмдері мен әдіснамасы туралы білім, оның іс-әрекетіне қажетті шеберлікті дамыту зерттеу маңызды орын алады. Осымен байланысты танымдық іс-әрекетте, әрбір студенттің жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып оқытушы ортаның мазмұнын, әдістерін құралдарын өзгерту талап етіледі. Сондықтан логикалық-тарихи көзқарас бойынша дәстүрлік жүйені тұлғалық-бағытталушылық білім беруге ауыстыруды дұрыс деп санаймыз. Ол курсантты оқытудың субъектісі ретінде болуы тиіс әдіснамалық қағидаға негізделеді. Бұнда ең алдымен, тұлғаның қажеттіліктерін,

мотивтерін, мақсаттарын, қабілеттерін, белсенділігін, интеллектін және басқа да жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескеру керек.

Тұлғалық-бағытталушылық білім беру төмендегідей қағидаларға негізделеді:

- әуел бастан педагогикалық үрдістің субъектісі болып табылатын студенттің өзіндік құндылығына, даралық басымдығы мойындалады;

- студенттің өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі дамыту қажеттіліктеріне баса назар аудару;

- жоғары білім оқу-кәсіби, өнімді-креативті іс-әрекеті үрдісінде болашақ маманның жедел қызметтік, метақызметтік дамуы мен әлеуметтік-кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін озу сипатында болуы керек.

Еліміздегі жоғары білім беру жүйесінің алдына қойып отырған мақсаты халықаралық еңбек нарығында бәсекелестікке түсе алатын жан-жақты сапалы маман дайындап шығару. Бұл жерде адамның үздіксіз білім алуға – яғни еңбек нарығында кездесетін кез келген жағдайға дайын болуға оқыту. Бұл пікірлер бойынша оқыту мен білім беру мақсаты – болашақ маманға еңбектің жаңа амалдары мен түрлерін жасауға, өзіне арналған жаңа кәсіби ортаға бейімделуге, аз уақытта өзінің еңбегін бағалай алу мүмкін болатын тұлғаның интегральдық қасиеті ретінде креативті ойлауды дамыту.

Креативті ойлайтын тұлғаның ойлау мен іс-әрекет бағытындағы тұжырымдамалардың кең таралуы мен жаңаруы ретінде қарастырылса (Г.П. Щедровицкий бойынша ойлау әрекеті), креативті тұлғаның жаңа мүмкіндіктерін ашса, шығармашылық мәдениеттің мүмкіндіктерін ашады. Шығармашылық және креативтілік анықтамаларында жасаған немесе ойлап тапқан түсініктер бар болғанымен шығармашылықта басқалардың бағалауы, ал креативті тұлғаның өзін-өзі бағалауын зерттегенде алынған нәтижелер креативті тұлғалық бағалау басты орынға шығады [1].

Қоршаған ортаны танудың бастапқы түрі ғылым арқылы көрсетілсе, екіншісі – мәдениетпен көрсетіледі. Жоғары білім беру жүйесінің маңызды мәселесі ретінде көптеген әскери ғалымдар курсанттардың мәдениетін олардың танымдық дайындығы деп санайды. Заманауи әскери педагогика ғылым мен мәдениетті негіз ретінде алып қарастырады, өйткені арнайы зерттеулер – кәсіби мамандардың жоғары дәрежедегі іс-әрекетін:

**Біріншіден**, оның мәдениеті арқылы жүзеге асады деп есептейді.

**Екіншіден**, ғалымдардың пікірі бойынша, оқу үрдісі тек арнайы жоғары білім алу емес, оның қазіргі мәдениетке сай тіршілік етуіне, тәрбиеленуіне байланысты деп есептейді.

**Үшіншіден**, қазіргі маман - ол ойлау жүйесі жетілген, қоғам мәселесіне байланысты өз пікірі бар, қарым-қатынасқа түсе алатын, мәдениеті жоғары тұлға.

**Төртіншіден**, жаһандану мәселесіне байланысты көптеген ғалымдар адамның рухани сезімін дамыту үшін қазіргі әлем мен отандық мәдениетке бейімделу керек деп санайды.

**Бесіншіден**, жоғары білім беру мақсатында алдымен мәдени студенттердің танымдық дайындығын көтеру үшін «жалпы мәдениет деген не?» деген сұраққа жауап іздеуіміз керек. Қазіргі ғылымда нақтылы мәдениеттің анықтамасы қалыптасқан жоқ – себебі, мәдениет жан-жақты қарастыруды қажет ететін ілім. Ал философиялық тұрғыда, мәдениет - тұлғаның іс-әрекетін қалыптастыратын әмбебап механизм деген анықтама беріледі. Мәдениет - материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы деген пікірді де Д.И. Грядовой, П.В.Алексеев білдірген осы авторлар. Мәдениет - қоғамдық өмірдің әлеуметтік және рухани ортасында тұлғаның шығармашылық қырын көрсете білуі деген пікірді А.Л. Никифоров [1] айтқан.

Американ психологы, гуманистік бағыт өкілі А. Маслоудың пікірінше, эмоционалдық мәдениетке көңіл бөлмеу, мәдениетті оқу және тәрбие үрдісінде жеткіліксіз деңгейде енгізу интеллекттік тұрғыдан өзін кедейлендіру. Себебі, «мәдениет біздің психологиялық және биологиялық табиғатымызға өте жақын, сондықтан оқытудың негізі ретінде қарау керек», - деген [3, 51-67 б.]. Оқу үрдісін әрекет тұрғысынан зерттеуші Н.Ф. Талызина оқу әрекетінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуын көздеген нәтижеге жетуі тек қана оқу мотивтерінің дұрыс тәрбиеленуімен байланысты болатынын тұжырымдайды [2, 91-96 б.].

Жоғары білім беру ортасында оқу әрекетін дұрыс қалыптастыру үшін оның өзіне тән ерекшеліктері мен құрылымын, курсанттардың креативті ойлауын дамытудағы атқаратын қызметін білу керек. Оқу әрекетінің өзге әрекет түрлерінен ең басты өзгешелігі курсанттардың үнемі «жаңа дүниеге енуімен», әрбір жаңа әрекеттің компоненттерін игерумен, әрдайым оның бірінен екіншісіне ауысып отырумен байланысты.

Креативті ойлауды дамытуға бағытталған зерттеулерге жүргізілген талдау жалпы заңдылықтар мен кәсіби андрагогикада

өткізу ерекшеліктерін табуға мүмкіндік береді. Креативті ойлайтын тұлғаның жеке интеллектуалдык-эвристикалық қасиеті ретінде рационалистік түсінуден ерекшелігі креативті жүйелі, бағалы тұлғалық, көп деңгейлі әскери білім беруден бастау алады. Креативті адамның рухани және тұлғаның шығармашылық өзіндік даму шартының ажырамас бөлігі болатын бағалы, тұлғалық саналы категориясы қалыптасады. Ол оның өзіндік көкейтестілігінің айтарлықтай қоры болып табылады.

Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі білім саласындағы туындаған қиындықтар ұстаздар қауымын тығырыққа тіреп, дағдарысқа әкелді. Бұл дағдарыстан шығу үшін креативті педагогтер бас қосып, қиыншылықтан шығу мәселелерін біріге қарастырды. Республикамыздағы белсенді, ізденіс үстіндегі оқытушылар өз қолдаушыларымен бір ұйым болып, ынтымақтастық педагогикасының аясында біріге қызмет етуге ынта білдірді. Олардың ерекшеліктері: біріншіден, жаңашылдық жолындағы авторлық курстар мен ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар ұйымдастыру арқылы білім беру мазмұнын тереңдетумен айналысатын даму деңгейі жоғары дәрежедегі топ. Екіншіден, креативтілік белгіде өзін-өзі жетілдіруші, қалыптастырушы, басқарушы жаңашыл жүйе. Үшіншіден, әр аймақтан ерікті түрде жаңашылдық ілімін қолдаушы, сыннан өткізуші, таратушы креативті оқытушылар тобы – жаңа үдерісті толық іске асырушы жаңашыл топ. Бұған дәлел:

- жаңашыл-педагог креативтілігінің пайда болуы және дамуы, жаңа идеяның пайда болуы;
- жаңашыл-педагог іс-әрекетінің әртүрлі түрде таратылуы;
- іс-әрекеттік ілімді құптаушылардың пайда болуы;
- құптаушылар қызметінің кең таралуы;
- тұлғааралық қарым-қатынастағы қызметтік байланыстың нығаюы.

Жаңашылдық дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни инновациялық үдерісті мазмұнды қалыптастыруды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты айтады.

Педагогикада студенттерге оқу іс-әрекеті субъектісі, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылған тұлға ретінде көзқарас қалыптасуда. А.В.Брушлинскийдің ұйғарымы бойынша, «Субъект-аса жоғары белсенділік, біртұтастық, автономдық

деңгейіне жеткен адам. Адам субъект болып дүниеге келмейді, субъект болып дамып жетіледі. Оның субъект ретінде дамуының алғышарты іс-әрекет, қарым-қатынас, тіршілік барысы болып табылады» [2, 91-96 б.].

Педагогтың тұлға субъектілігі тану әлемін (мазмұнын, түрін, орындау формасын) таңдауымен, таңдау тұрақтылығымен, оқу материалын өңдеу тәсілімен, тану нысандарына эмоционалды тұлғалық қарым-қатынасымен көрінеді. Мұның маңызын құраушылар студент пен оқытушының өзара іс-әрекеті болып табылады, өйткені бұнда есте сақтау қызметін меңгеруден ақыл-ой дамуы үрдісін меңгеруге алмасуы жүреді, сонымен қатар әрбір студенттің субъективті тәжірибесінің көрініс тауып, қолданылуына көмектеседі. Ал ол өз кезегінде тұтас оқу әрекетін ұйымдастыру жолымен танудың тұлғалық мәнді тәсілдерін игеруге көмектеседі. Қорытындысында дамудың «өмірлік әрекеттегі субъектілік тәжірибе» факторына ерекше мән беріледі.

Заманауи білім берудің негізгі шарты студентте жаңаны, өзіне қажеттіні, өзінің оқыту траекториясын іздеу қажеттілігін дамыту екенін ескерсек, біздің ойымызша, жылдам ақпараттық білім ортасын жоспарлауда басты шарт студенттердің өзіндік танымдық, ізденушілік әрекетке ұмтылысын қамтамасыз ету болу қажет [3, 190 б.].

Креативті ойлау студент тұлғасының жан-жақтылығымен емес, қабылдау, ықпалдарға сезімталдығы, жаңа идеяларды қабылдау ашықтығы мен жаңаны құру мақсатында тұрақтап қалған стереотиптерді бұзуға дайындығы немесе өмірлік мәселелерді өзгерту, күтпеген және кездейсоқ шешімді табуымен айқындалады. Кәсіби андрагогика саласындағы ЖОО-ы педагогикасында креативті ойлауды зерттеу әскери қызметшілердің тұлғалық категориясы ретінде өзіндік білімін жетілдіру және креативті тұлғаның дамуына жету мақсатында оқыту мен тәрбиелеудің креативтілігін дамыту үрдісін тиімді ұйымдастыру мен басқару түрлерін табуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта бұрынғы кеткен қателіктерді біліп қою ғана аздық етеді. Ең маңыздысы, сол қателіктерге екінші рет жол бермеу, сол қателерден сабақ алған, үйренген дұрыс және нәтижелі болады. Осы үшін ЖОО-ында оқытуда креативті білім беруді қолға алу болып табылады. Тәжірибелік аспектідегі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру мазмұнды түрде қызметте жинақталатын білім беру мен тәрбиелеу үрдісін үлгілеуден көрінеді. Студент тұлғасының

креативті әлеуеті саналы іс-әрекетте дамитын болғандықтан, жоғары білім беру әрекетінде өзіндік тұлғалық креативті үрдіске тиімді кірісуі үшін жағдай туғызу керек. Креативті дара тұлғаның саналы және бейсаналы ұғымдары қалыптасатын креативті үрдісті үздік ұйымдастыру мен реттеу қиыншылық туғызады. Өзіміздің жүргізген зерттеуімізде мынадай пікірге келдік – бүгінгі күні әрбір оқытушы оқыту үрдісін жаңа тұрғыдан ұйымдастырып жүргізбесе, өз іс-әрекетінде жаңа технологияларды қолданбаса, жұмысын дұрыс ұйымдастырмаса, сабақ жүргізуде күзіреттілігі аз болса, онда ол күтілетін нәтижеге жете алмайды. Ғалымдар жоғары білім беру саласында бұрыннан қалыптасқан оқытуда жоғары сатыда нәтиже берген әдістерді қайта зерттеп, қазіргі жағдайларды ескере отырып, қайта қолданысқа енгізу жолдарын қарастырудың қажеттілігі туралы пікір айтады.

Сол үшін ЖОО-ын бітіруші заманауи түлек нарықтық экономика жағдайына бейімделуі, өзінің кәсіби қызметінде икемді және жылдам болуы тиіс. Ол жаңа технологиялармен таныс, бүкіл әлемдік тәжірибе жинақталған компьютер, база және банк мәліметтерін қолдана алуы тиіс. Бірақ бастысы, ЖОО-да оқу жылдарында ол өзінде креативті тұлғаның нышандарын дамытуы, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруы тиіс, сыни ойлауға және кәсіби міндеттердің жаңа шешімдерін табуға үйренуі керек.

#### Әдебиеттер

1. Щедровицкий Г.П. Новшества и инновации // Учительская газета. – 1998, май - 23.
2. Талызина Н. Ф. Технология обучения и ее место в педагогической теории // Современная высшая школа. – 1977. – №1(17). – С. 91-96.
3. Таубаева Ш. Введение в методологию и методику педагогического исследования: учебное пособие. – Түркістан: «Тұран» баспасы, 2007. - 190 с.

#### References

1. Shhedrovickij G.P. *Novshestva i innovacii* // Uchitel'skaja gazeta. – 1998, maj -23. (In Russ.)
2. Talyzina N. F. *Tehnologija obuchenija i ee mesto v pedagogicheskoy teorii* // Sovremennaja vysshaja shkola. – 1977. – №1(17). – S. 91-96. (In Russ.)
3. Taubaeva Sh. *Vvedenie v metodologiju i metodiku pedagogicheskogo issledovaniya: uchebnoe posobie*. – Turkistan: «Turan» baspasy, 2007. – 190 s. (In Russ.)



---

## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ:

**1. Гусейнли Лала Дауд** - Баку хореография академиясының «Музыкалық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, диссертант;

**2. Сaitова Гульнара Юсуповна** - Қазақ ұлттық хореография академиясының «Балетмейстерлік» факультетінің деканы;

**3. Косиди Мария Сапаралиевна** - Қазақ ұлттық хореография академиясының Ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және стратегиялық даму бөлімінің қызметкері, білім саласындағы ғылым магистрі;

**4. Бакирова Самал Абильпатташовна** - Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық университетінің «Хореография» кафедрасының оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі;

**Мырзаев Санжарқожа Алтынбекович** - М. Әуезов атындағы ОҚМУ «Өнер» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика және психология ғылымдарының магистрі;

**5. Сұлтанова Жаңагуль Сердәліқызы** - Қазақ ұлттық хореография академиясының «Әлеуметтік ғылымдар және өнер» факультетінің деканы;

**6. Исламбаева Зухра Усманбекқызы** - Қазақ ұлттық хореография академиясының доценті, өнертану кандидаты;

**7. Белғозиева Ұлбосын Бекқуловна** - Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық университетінің Өнер және мәдениет факультеті, Мәдени бұқаралық жұмыстардың теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, магистр;

**8. Досжан Райхан Казбекқызы** - Қазақ ұлттық хореография академиясының «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және арт-менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы;

**9. Сақтағанов Балабек Кеништаевич** - Қазақ ұлттық хореография академиясының «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және арт-менеджмент» доценті, PhD докторы;

### INFORMATION ABOUT THE AUTHORS:

1. **Husseinli Lala Daud** - Senior Lecturer of the Music Disciplines Department of Baku Choreography Academy, thesis defender;

2. **Saitova Gulnara Yusupovna** - Dean of the Faculty of Ballet School of Kazakh National Academy of Choreography;

3. **Kosidi Mariya Saparaliyeva** - an employee of the Department of Science, Postgraduate Education and Strategic Development of Kazakh National Academy of Choreography, Master of Science in Education;

4. **Bakirova Samal Abilpattashovna** – Teacher of Choreography Department of Kazakh State Women’s teacher training University;

**Myrzayev Sanzharkozha Altynbekovich** – Senior teacher of Arts Department of M. Auezov South Kazakhstan State University;

5. **Sultanova Zhanagul Serdaliyeva** - Dean of the Social Science and Art Faculty of Kazakh National Academy of Choreography;

6. **Islambaeva Zukhra Usmanbekovna** - Candidate of Art, Associate Professor of Kazakh National Academy of Choreography;

7. **Belgoziyeva Ulbosyn Bekkulovna** - Kazakh State Women's Pedagogical University, Faculty of Arts and Culture, Senior Lecturer, Department of Theory and Methods of Cultural and Mass Work, Master student;

8. **Doszhan Raikhan Kazbekovna** – Senior Lecturer of the Social and Human Sciences and Art Management Department of Kazakh National Academy of Choreography, PhD;

9. **Saktaganov Balabek Kenishtaevich** - Associate Professor of the Department of Social and Human Sciences and Art Management, PhD;

---

## СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ:

**1. Гусейнли Лала Дауд** – Диссертант, старший преподаватель кафедры «Музыкальные дисциплины» Бакинской Академии Хореографии;

**2. Саитова Гульнара Юсуповна** - декан факультета «Балетмейстерский» Казахской национальной академии хореографии;

**3. Косиди Мария Сапаралиевна** - сотрудник Отдела науки, послевузовского образования и стратегического развития Казахской национальной академии хореографии, магистр наук в сфере образования;

**4. Бакирова Самал Абильпатташовна** – Преподаватель Кафедры Хореографии Казахского Государственного Женского Педагогического университета, магистр искусствоведческих наук;

**Мырзаев Санжаркожа Алтынбекович** – Старший преподаватель кафедры «Искусство» ЮКГУ им М. Ауезова, магистр педагогики и психологии;

**5. Султанова Жанагуль Сердалиевна** - декан факультета «Социальных наук и искусства» Казахской национальной академии хореографии;

**6. Исламбаева Зухра Усманбекқызы** - кандидат искусствоведения, доцент Казахской национальной академии хореографии;

**7. Белгозиева Улболсын Беккулловна** - старший преподаватель кафедры «Теории и методика культурно-массовой работы» Казахского Государственного Женского Педагогического университета, факультет «Искусства и культуры», магистр;

**8. Досжан Райхан Казбековна** - старший преподаватель кафедры «Социально-гуманитарные науки и арт-менеджмент», доктор PhD;

**9. Сактаганов Балабек Кеништаевич** - доцент кафедры «Социально-гуманитарные науки и арт-менеджмент», доктор PhD;

## **«ARTS ACADEMY» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ**

«Arts Academy» журналының редакциялық саясаты ғылыми қызметтің этикасына тікелей байланысты. Редакциялық саясатта ғалымдар өз жұмыстарына дайындық жасау барысында редакциялық саясатта басшылыққа алатын қағидаттар мен ұйғарымдар жиынтығы баяндалады.

«Arts Academy» журналының жоспары рецензияланатын, дәйексөз алынатын журналдардың қатарына ену. Бұл өз кезегінде редакция алқасын маңызды өнегелі-этикалық қағидаттарды және ұйымдастыру нормаларын сақтауға міндеттейді.

### **«Arts Academy» журналының редакциялық саясатының жалпы ережелері**

Журналдың тақырыптық бағыты бар. Журнал беттерінде ғылыми мақалалар, шолулар, қысқаша хабарландырулар мен дискуссиялық мақалалар жарияланады.

Басылым өзекті мәселелерге:

- хореографиялық өнердің тарихына,
- хореография педагогикасына,
- өнертануға,
- қазіргі мәдениетке,
- өнер және білім беру саласындағы менеджментке,
- әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға арналған.

Журналдың шығу мерзімділігі – тоқсан сайын.

Журналдың редакция алқасы – Қазақстан Республикасындағы, ТМД елдеріндегі және алыс шетелдегі білім беру және ғылыми-зерттеу ұйымдарының жетекші ғалымдары мен мамандары.

